Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.......М.Изатуллева

# «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық

2022 жыл

# «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық»

*Мектеп, білім тақырыбындағы әндер ойнап тұрады. 2-11*
*сыныптардың оқушылары сынып жетекшілерімен қатарға тұрғызылады*
*Фанфар*
*Жүргізушілер ортаға шығады.*

**Жүргізуші - 1**: Армысыздар, аса мәртебелі қонақтар, құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар және білім құмар оқушылар.

**Жүргізуші - 2:** Ассалому алайкум хурматли мактабдошлар, мехри даре устозлар. Сизларни бугунги «Биринчи кунғирок» байрами билан чин калбимдан табриклайман табриклайман.

**Жүргізуші - 1:**
Сәлем саған мектебім,
Алғыстарым көп менің.
Оқу, білім тәрбие
Ой – санама еккенің, - дей келе бүгінгі мектеп табалдырығынан аттағалы отырған бүлдіршіндерімізді әдемі әуенмен бірге ортамызға шақырамыз.

1 «А» сынып оқушылары . Сыныпта ------- оқушы. Сынып жетекшісі Д.Пайзуллаева . Қошаметпен қарсы аламыз.

**Жүргізуші - 2 :**
Келаси навбатда 1 «Б» синф укувчилари синфда ------ окувчи. Синф рахбари М.Жаппаров. Карши оламиз.

*(Әдемі әуенмен балалар орындарына барып тұрады)*
**Жүргізуші - 2 :**
Хурматли устозлар, укувчилар хамда азиз мехмонлар. Бугунги «Биринчи кунғирок» байрамига Қозоғистон Республикасининг гимни ижро этилсин.
*(Әнұран орындалады.)*

**Жүргізуші-1:**
Мерекеміз сәнімен жалғасты,
Мектебімді әуелеген ән басты.
Құтты болсын, оқушылар, ұстаздар,
Жадыраған білім күні алғашқы.
Құрметті ұстаздар, ата-аналар, шәкірттер .Алғашқы білім күніне алғашқы тілек сөз кезегін мектебіміз директоры М.Изатуллаева апайға береміз

Енрігі тілек, сөз кезегін мерекеміз қонақтарына береміз

____________________________________________
____________________________________________
____________________________________________
____________________

Жүргізуші -2
Ширин сўздан, нурли юздан ёруғ йўллар,
Чин мехрдан, мурувватдан обод чўллар.
Шу зотларни, шогирдларин кўкка йўллар,
Лойиқ улар канча хурмат-эъзозларга .
Келаси суз навбатини мактабимиз укув ишлар мудири Ахмедова Сумбул апайга берамиз.
Ән: « Қоңырау» орындайтын Еркинова Диляра және Валиханова Дурдана

**Жүргізуші-1:**
Балдырған болған балалар,
Түрлерің гүлдей жайнаған.
Мектеп боп ынтық әуесі,
Жасынан білім ойлаған деп ендігі кезекті мекетеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерге береміз.
*Балалар өлеңдерін айтады*

**2 Жүргізуші**
Билим бойлигига хеч туймас одам,
Камаймас бошкага канча берса хам.
Оламда, билим ганжи бебахо,
Ким илм эгаси – ушадир подшох.
**Кушиқ: «Алғашқы қоңырау » ижро этувчи; Шамшиддинова Фарида, Валиханова Дурдана, ва Еркинова Диляра карши олингизлар.**

**1 - Жүргізуші:**
Құлпырған еліміздің ұл-қызымыз
Әзірге маңдайдағы құндымзымз.
Арасын жер мен көктің жалғайтұғын,
Ертеңгі жарқыраған жұлдызымыз, - деп сөз кезегін мектеп түлектеріне береміз. *Гүл шоқтары беріледі*

**1 жүргізуші:**
Қоңырау сыңғырла, асыға
Үн қосқан қиядан асуға
Білім ал, еңбек ет жас ұлан
Өрле сен биік шың басына.

Қоңырау үні сыңғырлап,
Естілді жылы жаныма
Күлкідей әсем сылдырлап
Бөбекті жиды маңына

**2 жүргізуші:**
Биринчи кунғирок чалиш маросимига 11 синф укувчиси

------------------------------------------------------------------------------------------------------------ ва
1- синф укувчиси ---------------------------------------------------------------------------------- уртамизга чакирамиз.

**1 жүргізуші:**
Соғылсын қоңырау, соғылсын,
Сыңғырла мәңгілік сыңғырла.
Толқыған жүректер тоғысын
Толтырып бір арна, бір жырға.

*Қоңырау соғылады*
Жүргізуші-1: Қымбатты қонақтар, ата-аналар, ұстаздар! Аяулы шәкірттер! Асыға жеткен Алғашқы қоңырау мерекесі де өз мәресіне жетті.
Жүргізуші-2: Барчангизни, 2022-2023 укиш йилининг бошланиши билан чин қалбимиздан табриклайманқтаймыз!
Жүргізуші-1: Жаңа оқу жылы табысты да жетістікке толы болсын,достар!
Жүргізуші-2: Қош, сау болыңыздар!

Сауран ауданы адами әлеуетті
дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы
орта мектебінде білім күніне арналған
«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және
отаншылдық»тақырыбында өткізілген
салтанатты жиын туралы

# МӘЛІМЕТ

01.09.2022 жылы «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді.Іс-шараның мақсаты 2022-2023 оқу жылының ұйымдасқан түрде бастау,білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.Оқушылардың оқуына позитівті ынтасын, оқушылардың оқуға және өз денсаулығына құндылықты қарым-қатынасын қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыруға дағдыландыруға аса назар аударды.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева
Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

# «Тіл ұлттың мақтанышы»

Қос - Қорған - 2022ж

# «Тіл-ұлттың мақтанышы»

**1 Жүргізуші**: Ассалаума ғалейкум құрметті қонақтар, ата-аналар.

**2 Жүргізуші**: Армысыздар Ұлағатты ұстаздар мен оқушылар! Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылып отырған «Тіл татулық тіркгі» атта мерекелі кешімізге қош келдіңіздер.

**1 Жүргізуші**: Ана **тілі** – дүние есігін ашқаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп - өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана **тілі** жүректінің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, жанның барлық толқындарын ұрпақтан - ұрпаққа сақтап отыратын қазына.

**2 Жүргізуші**: Қазақ **тілі** аса бай, икемді **тіл**. Қалай исең, солай иіле береді

Ана тілім - ұраным,
Ана тілім - құралым.
Ана тілім болмаса,
Болмас еді жыр - әнім.

**1 Жүргізуші**:
Ана тілім - елдігім,
Ана тілім - ерлігім.
Ана тілім болмаса,
Бүтінделмес кемдігім -.дей келе бүгінгі мерекемізді ашып беру үшін **сөз кезегін мектебіміз директоры Изатуллаева Мехринса апайға береміз.**

**2 Жүргізуші**: Туған тілімізді, ана тілімізді құрметтейік, сыйлайық асқақтатайық. Қай ұлт, қай ел болмасын өз ана тілін жырлап өткен, онда неге бізге жырламасқа? Ендеше кезекті әнге береміз

**2 Жүргізуші**: **Ән: «Ана тілім тұғырым» орындайтын Шамшиддинова Фарида қошаметпен қарсы алыңыздар**.

**1 Жүргізушы:**

Мың бұралып билеген,
Тал – шыбықтай иілген.
**3- сынып қыздарының өнерлерін тамашалайық. Қарсы аламыз.**
**«Қамажай » биі. 3- сынып қыздары.**

**2 Жүргізуші**:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй деп Абай атамыз айтқандай **келесі кезекті Рахимов Асадулланың орындауындағы күйге береміз.**

**Жүргізуші**:
Ана **тіл**ім - тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы,
Тілім өссе, мен де бірге өсемін,
Тілім өшсе, мен де бірге өшемін. **Дей отыры келесі кезекті «Өзбегім» биіне береміз орындайтын 9-сынып қыздары. Қошаметпен қарсы алыңыздар.**

**1 Жүргізуші:**

Туған тілім - бабам тілі - өз тілім!
Туған тілім - анам тілі - өз тілім!
Туған тілім - далам тілі - өз тілім!
Туған тілім - адам тілі - өз тілім!
**Келесі кезекті «Тәуелсіз қазақтың қызымын» әніне береміз . Орындайтын Еркінова Диляра. Қошаметпен қарсы алыңыздар.**

**2 Жүргізуші**:

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім ардақ тұтар алтыным
**Би: «Қазақ қызы» орындайтын 8 – сынып қыздары.**

**1 Жүргізуші**:
Ана тілін Жырлап өткен талайлар.,
Жырлап откен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің ана тілімде,
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.
Осымен біздің Тілдер мерекесіне арналған коцертті бағдарламамыз өз мәресіне жетті. Келесі кездескенше сау аман болыңыздар.

Сауран ауданы адами әлеуетті
дамыту бөлімі «Қос - Қорған» жалпы
орта мектебінде тілдер мерекесіне орай
«Тіл – ұлттың мақтанышы»тақырыбында
өткізілген іс-шара туралы

**МӘЛІМЕТ**

22.09.2022 жылы тілдер мерекесіне орай «Тіл – ұлттың мақтанышы» тақырыбында ашық сабақтар, тәрбие сағаты өткізілді.

Мерекеге мектебіміздің барлық ұстаздары қатысты.Мерекені екі жүргізуші алып барды. Алғашқы құттықтау сөз кезегі мектеп директоры М.Изатуллаеваға берілді.

Мерекеде оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Өнерлі жінеде білімді оқушыларымыз тілдер тұралы ән айтып, бишілер би билеп көрермендер көңілінен шығып, мереке жақсы көңіл күймен аяқталды.




Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде1 Қазан қарттар күніне арналған «Ардагерлерді аялайық» тақырыбында өткізілген іс-шара туралы

# МӘЛІМЕТ

1 Қазан қарттар күніне орай 03.10.2022 жылы «Ардагерлерді аялайық» атты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде іс шара өтілді. Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету- ата -бабадан келе жатқан салтымызды қалыптастыру барысында ауыл ардагерлері үйлеріне барып көмек көрсетілді. Бүгінгі қарт, карияларымыз бір кезде , елі келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Бұл іс-шара келешек ұрпаққа осы ата-бабаларымыз, әжелеріміздің еткен еңбектерін ой-санасына сіңіру мақсатында ұйымдастырылды.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Г.Шакарова

Тәлімгер: Ю.Жунашова

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.........М.Изатуллева

# «Ана тілім -асылым»

# Ұстаздар мерекесі

2023 жыл

# «Ана тілім-асылым»

**1 – жүргізуші:** Армысыздар қадірменді көрермен қауым!

**2 – жүргізуші**: Ассалому алайкум хурматли устозлар ва билимга чанқоқ укувчилар . Бугунги Устозлар байрамига аталган концерт дастуримизга хуш келибсизлар!

**1 – жүргізуші:**
Өнерпаздар жарысып, сан – салалы,
Жиын десе, той десе жан салады.
Кешіміздің ашылу құрметіне,
Әуеленген әсем ән жолданады. – дей отырып, бүгінгі мерекемізді әсем әнмен ашуға рұқсат етіңіздер. Роза және Гулбану **орындауында «Ұстаз ана» әнін қошеметпен қарсы алыңыздар.**

**2 – жүргізуші:**
Устоз деган – ёрқин куни оламнинг,
Устоз деган – онаси у оламнинг.
Бутун олам тан олади мехнатин,
Сен хам ундан одам булиб ялралдинг.

**1 – жүргізуші:**
Ұстазыңды түсінген сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.

**2 – жүргізуші:**
Сизнинг таълимингиз олмаган ким бор,
Сиз-ку юракларда илк зиё ёққан.
Олимми, шоирми ва ё санъаткор,
Илк бор сизга томон устоз деб боққан .

**1 – жүргізуші:**
Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиеті бас иелік мәңгілік! – деп сөз кезегін мектебіміз директоры М.Изатуллаеваға береміз.

**1 – жүргізуші:**
Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар,
Созылтып ән мұржасын созсаң зытар.
Ән сүйгіш, жылы көңіл, сөзге тақсық,
Жылпыңдап жылы сөзді неге ұмытар

**1 – жүргізуші:**
Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас,
Қамдан, жатпа заманыңмен хабарлас.

Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас – **деп келесі кезекті биге береміз**
**Би: 3 «Ә» - сынып қыздары**
**2 – жүргізуші:**
Соф эзгулик тилаги,
У хам бизга онадир.
Илм – у хикмат қасрида
Илк устоз ягонадир.

Тунлар сизга хамнафас,
Қоғоз, китоб уюлган.
Қулингизда сиёхдон
Дил мехрингиз қуйилган **дей отырып, кезекті Әнге береміз .**
**Абдиғаппаров Саитбек орындауындағы тамаша ән «-----------------------------**
**қабыл алыңыздар**
**2 – жүргізуші:**
Бахолар аъло, яхши,
Аямайсиз мақтовни.
Чарчамайсиз, хормайсиз,
Сабрингиз баланд тоғми?!

Йиллар утиб улғайиб,
Берган сузим оқлайман.
Юз ёшда хам шу холда
Туришингиз хохлайман

**1 – жүргізуші:**
Білімнің кәусар бұлағын,
Жүресің құйып санама.
Біз үшін сенсің мұғалім,
Ұстаз да, ғалым, дана да. **Бахадирова Роза және Шамшиддинова Фарида орындауындағы « Ұстазым» әнін қабыл алыңыздар**
**1 – жүргізуші:**

Ұстаздар қартаймасын, қажымасын,
Әрқашан өмір жасы ұзақ болсын.
Немере, шөберенің бетін сүйіп,
Тәңірім бақтан бізді айырмасын.

Жақсылық атаулыға жаршы жандар,
Жамандық атаулыға қарсы жандар.
Баланы сусындатып өсіруге,
Білімнің бұлақ көзін аршығандар ...! – дей отырып, осымен ұлағатты **ұстаз**дарға арнаған кешімізді жабық деп жариялаймыз . Еліміз аман Заманымыз тыныш болсын ағайын!

Қош сау болыңыздар.

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде Ұстаздар мерекесіне арналған «Ана тілім асылым» тақырыбында өткізілген іс-шара туралы

# МӘЛІМЕТ

Ұстаздар мерекесіне орай 07.10.2022 жылы «Ана тілім асылым» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты : оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу,ұстаздарды құрметтеу, мерекемен құттықтау.

Ұстаз болу- жүректердің батырлығы,

Ұстаз болу-сезімнің ақындығы

Ұстаз болу- мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы – деп,Ғ Қайырбеков ағамыз жырлағандай біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш ете отырып, оқушыларымыздың таңертең ұстаздарды мектеп ауласынан күтіп алып,құрмет көрсетіп, өздерінің шығармашылық жұмыстары бойынша өлең шумақтарын жолдады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров, кәсіподақ ұйымының төрағасы Г.Даданов және ұйымдастырушы -педагог Ю.Жунашова табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен терен еңбекке ұштастырып жүрген ұстаздарға «Ана тілім-асылым» атты мерекелік бағдарлама өткізді. Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегін бағалай отырып, мақтау қағаздарымен марапаттады.






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Г.Шакарова

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.......М.Изатуллева



# Гүлдене бер, менің туған елім Қазақстан!»

2022 жыл

## *«Гүлденебер, менің туған елім Қазақстан!»*

1 Жүргізуші:
Қазақстан –сан ғасырлық тарихы бар,
Қазақстан-бұл азат ел танысыңдар.
Көк байрағы , елтаңба, әнұраны,
Қазақ елі егеменді , сан ұлты бар.

.

2 Жүргізуші:
Армысыздар , құрметті оқушылар, ұстаздар, ата-аналар! Еліміздің тәуелсіздік күні баршаңызға құтты болсын! Мемлекетіміздің өсіп-өніп, шыңға жетіп өркендеуі – біздің жетістігіміз, сондықтан бүгінгі «Гүлденебер, туған елім Қазақстан!» атты салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз!

1 Жүргізуші:
Бабалардың арманы, аналардың тілегі болған бақыт-тәуелсіздік алақанымызға қонды. Тәуелсіздік- ең басты құндылығымыз.Бұл күнге қан шама қиындықтармен жетіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттердің қатарына қостық. 24жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

2 Жүргізуші:
Құттықтау сөз мектеп директоры М.Изатуллаеваға беріледі

1 Жүргізуші:
Барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің мәні де,маңызы да айрықша . Өйткені біз тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.
Өлең:2-сынып оқушылары

2 Жүргізуші:
16 желтоқсан – тәуелсіздік алған күн,
Ерекше боп ел жадында қалған күн.
Жасай берсін ұлы күн үміті боп елімнің,
Желбіресін көк туы- нағыз көркі жерімнің!
Мәңгі болсын, баянды болсын
24 жыл ғұмырың!
Құтты болсын, мықты болсын
Тәуелсіздік тұғырың!

Ән:Қазақстан бақытты
1 Жүргізуші:
1989 жылы 22 қыркүйекте қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін алды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып жарияланды.

.

Би:Батыр биі

1 Жүргізуші:
Дүр сілкінді желтоқсанда қоңыр аймақ,
Өйтпесе тілім қайтіп қанат жаймақ?
Ұран жазып ,қып-қызыл ту көтеріп,
Жастар шықты алаңға «Елімайлап».

1 Жүргізуші:
Алаңға шығып , ойын айтты жастарым,
Қиындық пен қатерге тігіп бастарын.
Содан барып, тоңы ерiдi кеңестің,
Содан кейін еркіндікті бастадым.

1 Жүргізуші:

1991 жылы 16 желтоқсанда- Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады.
1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды.
Би: Аман

2 Жүргізуші:

Аспан түстес көгілдір
Тік бұрышты матаның
Ортасында төгіп тұр,
Күн жаяды шапағын
Астында оның қалқыған
Қыран құстың бейнесі
Азат елдің шалқыған
Көңілі деп білерсің.
Ән:Ватаним
1 Жүргізуші:
Алтын қанат көмкерген
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бейне сен көрген,
Жай бейне емес, ұғып ал!

2 Жүргізуші: 1993 жылы қарашаның 15-нде Ұлттық валюта –тенге айналымға кірді.Биыл ұлттық теңгемізге 22 жыл толып отыр.
Әнұран бар ұрпаққа өсиет шашқандай,
Теңгеміз бар тайға таңба басқандай.
Көк байрағым көкте биік желбіреп,
Бірлікке бізді шақырып жатқандай.

1 Жүргізуші:
1995 жылы 30 тамызда – Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңы қабылданды
Ата Заңға, қарағым,

2 Жүргізуші:
- «Ынтымақ елге ырыс-енші». Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолмен алға баса береміз.

Қазіргі таңда Қазақстан-өркениетті, дамыған елдер қатарына енген мемлекет. Осы мемлекетті одан да биіктен көрсету – бүгінгі ұрпақтың қолында.

1 Жүргізуші:
Өлең жыры бұрқақтап аққан
Жеңістің кілтін достықтан тапқан
Күнде бір көктем жаңарып жатқан
Қазақстан – Республикам менің!- деп бүгінгі мерекеге арнап дайындаған мерекелі іс-шашамыз өз мәресіне жетті. Тәуелсіздіктің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын, деп тілейік, ағайын. Келесі кездескенше сау-аман

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «25 қазан Республика күні»не арналған «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында өткізілген іс-шаралар туралы

## МӘЛІМЕТ

«25 қазан Республика күні» мектебімізде кең ауқымда атап өтілді.«25 қазан Республика күні» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, бекітілді. Іс шара барысында «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында патриоттық диктант конкурсы, «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазу,спорттық іс-шаралар, «Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау, және тағы басқа іс-шаралар өтілді.





«Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау іс-шарасы да ұйымдастырылды. Мектептегі барлық оқушылар 9-00 де жаппай Қазақстан Республикасының мемлекеттің гимінін айтты.





Іс-шара барысында Республика күніне арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламаны ашып беру үшін мектебіміз директоры М.Изатуллаеваға сөз берілді.Мектебіміздің  өнерлі де,өнегелі оқушылары өздерінің билерімен,әндерімен , сахналық қойылымдарымен  көрермендерді таң қалдырды.





Респулика күніне орай мектеп ауласында жәрмеңке ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеде оқушылар алып келген заттарын сатты. Жәрмеңке өте қызықты болды.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Г.Шакарова

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры
.........М.Изатуллева

# «КҮЗ АРУЫ-2022»

2022-2023жыл

**Тақырыбы: «Күз аруы – 2022ж»**

**Мақсаты:** Күз туралы балалардың дүниетанымын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, сыйын ұғындыра отырып балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Әр адамның бойындағы қасиеттерін ойлау, әртүрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар!
2 Жүргізуші:
Ассалому алайкум мехри дарё устозлар хамда билимга чанқоқ укувчилан.
**Жүргізуші:** Ел байлығын арттырған берекелі күз айы да келіп жетті. Күз бізге жемістерімен, көкөністерімен, мол астығымен келеді. Міне осы жемістері мен көкөністеріне бай күз мезгіліндегі «Күз аруы-2022» сайысына қош келдіңіздер!

Армысыз асыл халқым ақ жүректі,
Баласына арнаған ақ тілекті.
Сынға түсер достары арасында
Міне ылғи өнерлі қыздар кепті.

**2 Жүргізуші:** Қизларимизни хурмат ила карши олайлик
Уларга бахту , омад тилаб қолайлик , деб уз хунарларин синамоқ учун гурух сардорларин уртамизга таклиф этамиз !

**1Жүргізуші:** 8А – сынып топ басшысы:............................................................................
**2Бошловчи:** 8Б – синф сардори:...........................................................................
**1Жүргізуші:** 9 А- сынып топ басшысы.............................................................................
**2Бошловчи:** 9 Б- синф сардори..............................................................................

**Жүргізуші:**
Кім жүйрік өнерпазды білейікші
«Ханшайым» деп атап жүрейікші.
Әділқазы алқасынан әділдікті,
Ал қыздарға тек сәттілік тілейікші, – деп сайысымызға әділ баға беретін әділқазы алқасымен таныс болайық:

2 Бошловчи.......................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................
..............................................................................................................................

Қайсы әнші, кім биші,
Талабына қарайық.
Кімдер зерек, кім жылдам,
Таланттарын табайық!-деп өнер сүйер қауым бүгінгі сайыстың бөлімдерімен таныстыра кетейін.
**1-бөлім:** «Сәлемдесу»
**2-бөлім:** «Өнер сайысы» Еркін тақырып
**3-бөлім:** «Күзгі салат»
**4-бөлім:** Күзгі сән үлгісі

Ж: Ендеше сайысымыздың бірінші бөлімін бастайық .

Ақыл-көркі бойларына жетеді
Әлі талай сынақтардан өтеді.
Мына отырған баршаңызға өздерін
Тез арада таныстырап өтеді.
Сәлемдесу кезеңіне кезек береміз.
Сахна төріне « » тобын шақырамыз.
Келесі кезекті « » тобына береміз.

Келесі кезекте сахна төріне «          » тобын шақырамыз

**Жүргізуші:**

«Өнерлі бала елдің көркі»
Ал кімнің өнері бар қаншалықты.
Би-билеп, ал біреуі ән салыпты.
Бүгінгі сайыста бәйге алуға
Сайыскерлер аянбай жан салыпты, – өнер сайысына кезек берейік. «Еркін тақырып»
Сахна төріне «          » тобын шақырамыз.
Келесі кезек «          » тобына
Келесі кезек «          » тобына беріледі.
Келесі кезек «          » тобына беріледі

**Жүргізуші:**

Жетті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып–теріп болған соң
Той жасайды халкымыз.
Ендеше келесі кезекті сайысымыздың үшінші кезеңі « Күзгі салаттарға береміз». Бұл кезеңдің ережесі: әр топтан үш оқушыдан шығып күзгі жемістерден, көгеністерден, салат жасауы тиіс. Олай болса салатымызды бастаймыз. Ал қазылар алқасы қыздарымыздың тазалығына, жеберлігіне, шапшаңдығына , дәміне қарай бағалап барады.

**Жүргізуші:**

Бүгінгі күн өтіп жатыр өз мәнімен
Әр сұлу әсем болар өз сәнімен.
Күз сәні өнерімен ортаға шығып
Сән көрсетер сайыскерлер сәнiменен, – деп сайысымыздың 4-бөліміне де келіп жеттік .

4 бөлім ережесі: қыздарымыз қалдықтардан, дисктерден, қағаздан пакеттерден, майлықтардан, күзгі жапырақтардан, тағыда басқа қалдықтардан тігілген көйлекпен сән көрсетеді. Ендеше сайыскерлерімізге сәттілік тілей отырып кезеңімізді бастаймыз.

Жүргізуші:

Кімдер жүйрік, өнерпазды білейікші,
Әділқазыларға төрелік берейікші.
Жеңіп шыққан топтарға
Құттықтап тек сәттілік тілейікші.

Алдыларыңызда сән көрсететін «          » тобын қошаметпен қарсы аламыз.
Келесі кезекте «          » тобы
Келесі кезек «          » тобы.
Келесі кезек «          » тобы.

Жүргізуші:

Келесі сөз кезегін әділқазы алқасына берейік.

Жүргізуші:

Жүзден жүйрік күшімен
Мыңнан тұлпар мықты шың.
Құттықтаймыз ал енді
Бүгінгі біздің ханым.
Өрге жүзіп өнері
Тауға өрлесін талабы.
Шоқтай болып жанады
Қуаныштан жанары, – деп «Күз аруы-2021» жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтаймыз. Осымен бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Келесі кездескенше күніміз нұрлы болсын!

Сауран ауданы адами әлеуетті
дамыту бөлімі «Қос - Қорған»
жалпы орта мектебінде өткізілген
«Күз аруы-2022» байқауы туралы

# МӘЛІМЕТ

28.11.2022ж күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әдемілік,жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіру мақсатында «Күз аруы» байқауы өтті.Байқау 8-9-сыныптар арасында ұйымдастырылды.Сайыс мектеп акт залында болып өтті және 8-9 –сынып оқушылары түгел қатысты.

Байқау 4 кезеңнен құралды.Қатысушыларға әділ баға берер әділқазылар алқасы сайланып әр кезең сайын бағалап отырды.Байқауға қатысушы қыздар өздерінің білімді, тапқыр шебер жәнеде өнерлі екендіктерін сайыс барысында көрсете алды. Сайыста «Күз аруы- 2022» атанған 9-сынып оқушысы Валиханова Дурдона болды. Қатысушы барлық қыздарға сыйлықтар үлестіріліп, мақтау қағаздарымен марапатталды.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Г.Шакарова

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту
бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта
мектебінде 1 желтоқсан дүниежүзілік
ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне
орай өткізілген қыздар жиналысы тұралы

# МӘЛІМЕТ

«Қос-Қорған» «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 желтоқсан дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне орай 28 қараша күні қыздар жиналысы өткізілді. Жиналысты ұйымдастырудағы басты мақсат оқушыларға ЖИТС/АИТВ инфекциясы жұқпалы ауру екендігін түсіндіре отырып, жұқтырмау шараларын әңгімелеу.Адамзат өміріне қәуіп төндіріп отырған қәтерлі СПИД дертінің алдын –алу,оның жұғу жолдарын ,одан сақтана, қорғана білі туралы түсіндіру.
Жиналысты мектеп психологі Р.Алиханова «Жақсылық сыйла» тренингі арқылы бастады.Бұл жерде оқушылар бір бірінің иықтарына бастарын қойып ішінде сол оқушыға жақсы тілектерін айтады.




Психолог Р.Алиханова оқушыларға «СПИД-ғасыр дерті» тақырыбында баяндама оқып берді.Баяндамада СПИД қайдан пайда болатыны, СПИДті қоздыратын вирустың таралу жолдарын, СПИД –тің алдын алу жолдарын ,аурудың белгілерін және оны емдеу мәселелерін айтып өтті.







Мектеб медбикесі Г.Абдулхамидова интерактивті тақтада оқушыларға қәтерлі СПИД дертінің алдын –алу,оның жұғу жолдарын ,одан сақтана, қорғана білі туралы, Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын,өмір сүру қажеттілігін,бағалы байлық екенін түсіндірді.Гигиеналық мәдениетті қалыптастыру,балаларымыз сұлу да сымбатты денсаулығы зор,күшті болу үшін денені шынықтыру,оларға спортпен айналысуының қажет екендігін айтты.




Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова  оқушыларға барлық нәрсе тәрбиеден бастау алатынын, егер мектепте тіртіпті болып мұғалімдердің айтқанын істеп жүрсе, бүгінгі айтылған алдын алу шаралары, гигиеналық дағдыларды сақтап жүрсе барлығы жақсы болатынын айтып өтті.Сынып жетекшілер арасынан У.Абдумуратова сөз сөйлеп қәтерлі СПИД-дертін емдегеннен алдын алған жақсырақ екенін айтты.

Мектеп директоры:  М.Изатуллаева

Сауран ауданы адами әлеуметті дамыту
бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
1 желтоқсан халықаралық ЖИТС/АИТВ-ға
қарсы күрес күніне орай өткізілген флешмоб
туралы

# МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: «Біз нашақорлыққа қарсымыз»
Өткізілген орны: Спорт зал
Мерзімі:24.11.2022ж
Уақыты: 15-10

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 желтоқсан халықаралық ЖИТС/АИТВ-ға қарсы күрес күніне орай 24 қараша күні мектеп спорт залында флешмоб өткізілді. Флешмобты ДТІЖО С.Жаппаров ашып берді.С.Жаппаров оқушыларға нашақорлық зиянды әрекеттілігін айтып түсіндірді. Денсаулық мол байлық екенін айтты.





Флешмобты 7 «А» және 7 «Б»-сынып оқушылары «Спорт,Спорт, Спорт» әніне флеешмоб биледі.

**Ұрандары:**

Жас жаныңды жаралама.
Есірткіге жолама,
Денсаулығың өзіңе керек.
Өз-өзіңді тонама.





Барлық оқушылар бірдей іс-қимылмен биледі.







Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Педагог-ұйымдастырушы: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде полиция қызметкерімен өткізілген кездесу тұралы

# МӘЛІМЕТ

28.11.2022ж оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Түркістан облысы Сауран АПБ-ның ЖПҚ ЮПТ ҰПИ полиция лейтинанты Әмірбек Елнұрбек Ергешұлымен кездесу өтті.Кездесу барысында бүгінгі таңдағы орын алып жатқан жастар арасында құқықбұзушылық пен қылмыс тұралы ,сондай ақ жаппай тәртіпсіздікке қатысып, тонаушылық пен бұзақылық жасағандардың жазасы туралы, жат діни ағымдар қасіреті туралы ауқымды ақпарат беріліп оның алдын алу жолдарын айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.









Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде өткізілген Балалар жылы жоспары аясында мултфилм көрсету тұралы

# МӘЛІМЕТ

29.11.2022ж Балалар жылы жоспары аясында отансүйгіштік және патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында балаларға Отырарды қорғаған батырлар жайында «Отырарды қорғау» атты мультфилм көрсетілді.





Бұл мультфилмді көре отырып балалар батырлыққа, сабырлы болыуға, дәл кезінде шешім қабылдауға үйренеді. Балалар өте жақсы көңіл күйде мультыилм тамашалады.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.......М.Изатуллева

# «ЖЫЛ ОҚУШЫСЫ 2022»

2022-2023жыл

**«Жыл оқушысы 2022» сайысы**

**Мақсаты**: Оқушылардың белсенділігін арттыру және насихаттау;

**Жүргізуші:** - Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! «Жыл оқушысы» сайысына қатысушы жас қырандар!

«Асыл тастан, өнер жастан» деп дана халқымыз айтқандай бүгінгі дәстүрлі «Жыл оқушысы» сайысына қатысатын оқушылар өз білімдерімен ой ұшқырлығын сараптау мақсатымен білім сайысына түспекші.

Жиналған ылғи дарындар,
Жүректе от, көздерінде жалын бар
Білімді топты халайық,
Қол соғып қарсы алайық.

8 «А»-сынып оқушысы Османов Давлат
8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан
9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра
9 «Б»-сынып оқушысы Исмаилова Муниса
10 «А»-сынып оқушысы Мирзахмедова Зияда
10«Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайла

**Жүргізуші:** Сайысымызды бастамас бұрын,

Әділқазы,аққазыға бір сәлем,
Әділдікке бас иеді күллі әлем,
Жүйрік озар сайыстарда неше бір,
Сарапқа сап әділдікпен шеше біл - деп әділқазылар мүшелерін таныстыруға рұқсат етіңіздер.

1.
2.
3.

**Жүргізуші:** - Сайыстың ережесімен танис болыңыздар.

I. «Сәлемдесу»- Өзін таныстырады/ видео ролик дайындау.
II. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» -пән бойынша сұрақтарға жауап береді.
III. «Сегіз қырлы, бір сырлы» - өз өнерін көрсету.(би билеу, ән айту,өлең оқу т.с.с)
IV. «Шығармашылық идея»- өз идеяларын іс-жүзінде көрсету
V. « Мен елімнің патриотымын» тақырыбында қабырға газеттері - сызған суреттерін қорғау

**Жүргізуші:** Армысыз, айналайын дана халқым,
Сақтаған ұлтымыздың берік салтын.
Тіл ұшына оралар кездескенде,
«Сәлем-сөздің анасы» деген нақыл.
Сәлемдесу парызы әрбір жастың
Өнерлерін паш етер өнегелі

8 «А»-сынып оқушысы Османов Давлат
8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан
9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра
9 «Б»-сынып оқушысы Исмаилова Муниса
10 «А»-сынып оқушысы Мирзахмедова Зияда
10«Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайла

**Жүргізуші:** Қазылар орныктырар әділдікті
Кімдердің жауаптары кәміл шыкты
Білім мен тапқырлықтың жарысында
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты,-дей келе әділқазылар өз ұпайларын беріп кетсе.

**Жүргізуші:** Сіздерді сайысқа шақырамыз
Сұрақпенен бастарыңды қатырамыз, - деп екінші бөлім – «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» - пәндер бойынша сұрақ- жауап кезеңін бастайық. Әр оқушы 4 сұраққа жауап береді, әр-бір дұрыс жауапқа ұпай беріліп отырады.

8 «А»-сынып оқушысы Османов Давлат
8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан
9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра
9 «Б»-сынып оқушысы Исмаилова Муниса
10 «А»-сынып оқушысы Мирзахмедова Зияда
10«Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайла

**Жүргізуші:** Бәйгеге түсіп жарыспай
Жүйріктің бағы жанар ма
Бұл бәйге ойдың бәйгесі
Кім жүйрік ойға, сол алда-деп әділқазыларымыз ұпайларын берсе.

**Жүргізуші:**Ал, халайық ықыласпен демейік,
Жұлдыздардың өнерлерін көрейік
Сыры менен сымбатына қарап біз,
Әділдікпен бағаларын берейікдеп сайысымыздың «Сегіз қырлы, бір сырлы» кезеңіне өтеміз. Бұл кезеңде әрбір сайыскер өз өнерін көрсетеді.

8 «А»-сынып оқушысы Османов Давлат
8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан
9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра
9 «Б»-сынып оқушысы Исмаилова Муниса
10 «А»-сынып оқушысы Мирзахмедова Зияда
10«Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайла

**Жүргізуші:** Әділқазы алқалары осы кезең бойынша оқушыларға өз ұпайларыңызды беріп өтсеңіздер.

**Жүргізуші**:Ой сананы арттыру,
Бүгінгі күн талабы.
Біле білсен бұл дәуір
Дарындылар заманы- дей келе ендігі кезекті «Шығармашылық идея» кезеңіне берсек. Бұл жерде оқушылар 8-10 минут ішінде өз идеяларын іс-жүзінде көрсетеді.

**ӘН:**

**Жүргізуші:** Әділқазы алқалары осы кезең бойынша оқушыларға өз ұпайларыңызды беріп өтсеңіздер.

**Жүргізуші**:Ал, сіздерге балалар
Ақыл ойды саралар
Жауапты сәт туды енді
Жеңіп шығар даралар- деп соңғы кезеңгеде келіп жеттік .Бұл кезеңде « Мен елімнің патриотымын» тақырыбында сызған суреттерін қорғау.

**Жүргізуші:** Құрметті әділқазы алқалары оқушылардың сызған суретіне және олардың суретті талдауын да ескере отырып өз ұпайларыңызды берсеңіздер.

**Жүргізуші**: Мектебіміздің жұлдыздары өнері асқан,
Билейді мың бұралып бала жастан.
Қайда біздің өнерпаз қыздарымыз,
Ортаға шығыңдаршы тартынбастан.-деп әділқазылар қорытынды шығарғанша кезекті биге береміз.

**Жүргізуші**: Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары жақсы шықты.
Білім мен тапқырлықтың жарысында,
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

**Сайысымыздың шешуші сәті:** Әділқазылар сөз кезегі өздеріңізде.(Жеңімпазды анықтап марапаттау)

**Жүргізуші**: Бүгінгі «Жыл оқушысы 2022» атты білім сайысының жеңімпазы
____ «__» -сынып оқушысы ____________________________________

Жеңімпазымызды шын жүректен құттықтай отырып, сайысқа белсене қатысқан оқушыларымызға рахмет айтамыз!

**Жүргізуші**: Түсті бүгін бұл жарысқа балқұрақ
Жақсы оқу, терең білім – шамшырақ
Бәріңізге шаттық, шабыт тілейміз
Бүгінгіден ертең болсын жақсырақ.
Рахмет айтып сіздерге, күлкімізді сыйлайық
Көріскенше күн жақсы, аман есен болайық!

Сауран ауданы адами әлеуетті
дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта
мектебінде өткен «Жыл оқушысы 2022»
сайысы тұралы

МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: «Жыл оқушысы 2022»
Өткізілетін орны: АКТ залы
Мерзімі:30.11.2022ж
Уақыты:11-40

Сауран ауданы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 30.11.2022 жылы 8-9-10-сыныптар арасында «Жыл оқушысы 2022» атты байқау болып өтті.Байқаудың мақсаты: оқушыларды өз отанын сүюге ,құрметтеп қастерлеуге егемен елімізді сақтау және оны гүлдендіруге құштар патриотты, күш-қуаты мол жастарды ояту.






«Жыл оқушысы 2022» сайысына:
8 «А»-сынып оқушысы Османов Давлат
8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан
9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра
9 «Б»-сынып оқушысы Исмаилова Муниса
10 «А»-сынып оқушысы Мирзахмедова Зияда
10«Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайлалар қатысты.
Қазылар алқасы етіп директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар-С.Ахмедова, кәсіптік бағдар беруші –Б.Бабажанов, Тарих пәні мұғалімі- С.А---------- тағайындалды.
Сайыс 5 ереже бойынша жүргізілді:
I. «Сәлемдесу»- Өзін таныстырады/ видео ролик дайындау.
II. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» -пән бойынша сұрақтарға жауап береді.
III. «Сегіз қырлы, бір сырлы» - өз өнерін көрсету.(би билеу, ән айту,өлең оқу т.с.с)
IV. «Шығармашылық идея»- өз идеяларын іс-жүзінде көрсету
V. « Мен елімнің патриотымын» тақырыбында қабырға газеттері - сызған суреттерін қорғау.





Алғашқы ереже бойынша барлық қатысушылар сәлемдесіп, өздерін таныстырып өтті. Қазылар алқасы оларды бағалап отырды.



Екінші «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» кезеңінде оқушыларға интерактивті тақтада пән бойынша сұрақтар қойылды.Оқушылардың барлығы сұрақтарға еш қиналмай жауап берді. Әділқазы алқалары оқушыларды сұраққа нақты жауап беруіне қарай бағалап отырды.

Үшінші «Сегіз қырлы, бір сырлы» кезеңінде сайыскерлер өз өнерін өлең жолдарын мәнерлеп оқып, маналог оқу арқылы және ән айту арқылы көрсетті.

Төртінші«Шығармашылық идея» кезеңінде сайыскерлер өз идеяларын іс-жүзінде көрсетіп шықты.



Бұл кезенде 8 «А»-сынып оқушысы Османов Даулет шұлықтан аққала жасап шықты. 9 «Б» сынып оқушысы Исмаилова Насиба химиялық «Көгергіш нан» тәжірибесін жасап көрсетті.





8 «Б»-сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан тоқыма жіптен балапан жасады.
10 «Б»-сынып оқушысы Зупарова Лайла топырақ шашу арқылы сурет сызды.





9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра фетр қағаздан гүл жасады.
10 «А»-сынып оқушысы  Мирзахмедова Зияда газды сусындардың босаған ыдыстарынан  гүл жасап шықты.





Бесінші « Мен елімнің патриотымын» тақырыбында қабырға газеттері сызу кезеңінде сайыскерлер өздері сызған суреттерін қорғап, талдап берді. Әділқазы алқалары бұл кекзеңді де бағалап, қорытынды шығарды. Әділқазылар қортынды шығару уақытында 7 «Б»-сынып қыздары би биледі.



Әділқазылар шешімі бойынша 9 «А»-сынып оқушысы Эркинова Диляра бірінші орын алып «Жыл оқушысы» атанды.Екінші орынға екі оқушы Мирзахмедова З және Зупарова Л ие болды. Үшінші орынды Абдусаттарова А иеленді.





Мектеп директоры М.Изатуллаева сайыскерлерді жеңістерімен құттықтап мақтау қағаздарымен марапаттады.

Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.......М.Изатуллева

# «МЕН ӨЗ ОТАНЫМНЫҢ ПАТРИОТЫМЫН»

2022-2023жыл

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында оқушылар арасында өткізілген сурет байқауы тұралы

## МӘЛІМЕТ

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 06 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді. Байқау оқушылардың жас ерекшелігіне қарай 3-4-5-сыныптар арасында және 6-7-8-сыныптар арасында ұйымдастырылды. Байқауға Ғ.Егембердиев және Ш.Давлатова әділқазы етіп тағайындалды.

Сурет байқауы 2 кезеңде өтті. Бірінші кезеңде оқушыларға «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында сурет сызып келуге тапсырма берілді. Суреттерді 5 желтоқсан күні жинап алып іріктеу жасалынды.





Оқушылар сызып келген суреттерді Д.Пайзуллаева, Д.Жумашова және С.Файзуллаевтар аныктап 2 кезеңге суреттері әдемі, мағынасы терең суреттер өткізілді. 3-4-5-сынып оқушылары арасынан 12 оқушы, 6-7-8-сынып оқушылары арасынан 10 оқушы 2 кезеңге өтті.

Екінші кезеңде оқушылар «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында сурет сызды. Сурет салу барысында оқушылар өздерінің сурет салу шеберлігін, фантазиясын көрсете білді.




Сан алуан суреттердің әр қайсысы бір әлем .Сол суреттердің арасынан үздігін анықтап, марапаттау оңайға соқпады. Әрине жас таланттар өз шеберлігін сурет арқылы көрсете отырып, талғамдары жоғары екенін аңғартты.





Бұл байқаудың жеңімпаздары: 3-4-5-сынып оқушылары арасынан 1 орынды 5А сынып оқушысы Абдугаппаров А, 2 орынды 3Б-сынып оқушысы Жумабаева Б, 3 орынды 4А-сынып оқушылары Хабибуллаев Э, Валиханов С иеленді.
5-6-7-сынып оқушылары арасынан 1орынды 7А-сынып оқушысы Мирзахмедова Н, 2орынды 3Б-сынып оқушысы Жумабаева Б, 3 орынды 7А сынып оқушысы Насиров Р және 7Б-сынып оқушысы Алиханова А иеленді.

Мектеп директоры: М.Изатуллаева
Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова
Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
........М.Изатуллева

# Патриоттық әндер байқауы

## «Патриоттық әндер» байқауының сценарийі

**Мақсаты:**

а) Оқушыларға патриоттық тәрбие беру.Өз елін, жерін, Отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.

б) Патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру.

**Жүргізуші:**

Армысыздар! Бүгінгі еңсесі биік егемен елдің жарқын болашағының үмітін ақтар жас ұрпақ.

Қазақстан – бүгін міне, достықтың туын тіккен жер!

Көп ұлттардың бір кісідей маңдай терін төккен жер!

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті. Қазақстан күннен – күнге өркендеп, гүлденуде. Біз осындай елде туғанымызға бақыттымыз. Сіздердің назарларыңызға мектеп оқушылары арасында өткелі отырған «Патриоттық әндер» байқауына қош келдіңіздер! Бүгінгі байқауымызды ашық деп жариялаймыз!

**2«а» сынып** оқушылары ҚР Әнұранын орындап берсе.

**Жүргізуші:**

Байқау шарты бойынша оқушылар «Отан», «Туған жер», «Елтаңба», «Ту» тақырыбында ән шырқаулары керек және сахна мәдениеті, орындалады . Байқау жеңімпаздары әділ қазылар алқасы арасындағы келісім бойынша анықталады. Енді әділ қазылар алқасымен таныс болайық!

1. Әділ – қазылар алқасының төрайымы – Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сумбул Ахмедова

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Асетова Наргиза

3. Музыка пәнінің мұғалімі Файзуллаев Сапидулла ағай.

**Жүргізуші:**

Қазақстаның көк байрақты нұрлы елім,
Сен дегенде лүпілдейді жүрегім,
Өзің менің қуанышым,бақытым
Өзің менің тынысым да тірегім

Сіздердің алдарыңызда әнші қызымыз Шамшиддинова Дильнара «Отан» әнімен қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Мерейім - нұрлана бер азат Күнім!

Көрдік біз бұл бақыттың азаттығын,

Таңымды тамылжытқан әсем әнмен

Тыңдаңыз елін сүйген жастар үнін!

Даулетов Элнур қатысушыны ортаға шақырамыз

«Қазақ тілім» әнімен қарсы алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Ел тұрады шаттық, қойып көңілге

Жарқырайды Елтаңбаң да төрінде

Ірге тасын жатыр берік қаланып

Бетті бұрдық алға-жарқын өмірге!

«_Батырлар ұраны» әнімен ортаға Абдугаппаров Абдусамадті шақырамыз. Қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Сен неткен Отан - Анам, ғажап едің,

Әспеттеп көркем тілмен жазар едім.

Болашақ ұрпағының бақыты үшін,

Жайнай бер, Ұлы Отан – Қазақ елім!

Шамшиддин Дидарды орындауында «Мен қазақтың қызымын» әнімен қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің

Таулы орман , жасыл жайлау, көлім менің

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті

Тәуелсіз Қазақстан –елім менің

ОртағаАбдугаппаров Абдусаидті шақырамыз. «Елбасы елдің тұтқасы» әні. Қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:**

Аман боп халқымыз мәңгілік,

Жүрейік достықта сән құрып.

Бірлік пен ынтымақ нығайса,

Атады әрқашан таң күліп.

Ортаға 6 «б»сынып оқушылары хор «Бибітшілік сақталады» әнімен қарсы алайық.

**Жүргізуші:**

Көк байрағым желбірейді елімде,

Қалықтасын қыран құсы көгімде.

Ашық аспан бейбітшілік бейнесі,

Әуелесін Қазақстан жерінде

Эркинова Диляра «__________» әнімен карсы алайық.

**Жүргізуші:**

Астанам –нұрлы астанам,

Гүл жайнаған жас қалам

Егеменді елімді

Болашаққа бастаған.

**Жүргізуші:**

Бүгінгі патриоттық әндер сайысына қатысушы үміткерлерімізді түгелдей тыңдап шықтық.

Әділ қазылар әділ баға береді деп сенеміз.Әділ қазылар өз шешімдерін шығарғанша

7 «б» сынып оқушылары «Мен қазақпын» бийін орындап берсе.

**Жүргізуші:**

Кең далам, көл-дариям, сеңгір тауым,

Бабалар жеңді ерлікпен небір жауын.

Байрағым желбіреп тұр биіктерде,

Байладым тәуелсіздік - өмір бауын! - дей келе ендігі сөз кезегі әділ-қазыларға береміз.

Жүргізуші:

Бүгінгі «Патриоттық әндер» атты байқауымыз өз мәресіне жетті. Байқауымызды жабық

деп жариялаймыз! Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар.

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту
бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта
мектебінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай
«Мен өз Отанымның патриотымын»
тақырыбында оқушылар арасында
өткізілген ән байқауы тұралы

# МӘЛІМЕТ

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 08 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында оқушылар арасында ән байқауы өткізілді. Ән байқауын ұйымдастырудың мақсаты оқушылардың әнге деген қызығушылығын арттыру,әншілік қәбілетін, актерлік өнерін сынау.





Оқушылардың әншілік қәбілеттері, актерлік өнері сыналатын бұл сайысқа мектебіміздің 5 «А» -сынып оқушысы- Абдугаппаров Абдусамад, 5 «А» -сынып оқушысы- Шамшиддин Дилнара, 6 «Б» -сынып оқушысы Алханова Клара, 8 «А» -сынып оқушысы Шамшиддинова Дидар, 8 «А» -сынып оқушысы Абдугаппаров Абдусаид, 9 «А» -сынып оқушысы Эркинова Диляра, 11 «Б» -сынып оқушысы Даулетов Элнұр қатысты.



Байқау 2 «А»-сынып оқушыларының орындауында Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды.

Оқушылар байқау шарты бойынша «Отан», « Туған жер», «Ту» тақырыбында ән шырқады. Сайысқа төрелік ететін әділ -қазы алқалары сайланды.

Оқушылар сахнада санасы мен бүкіл жан дүниесі шымырқанып, асып –тасып,яғни шабыт арғымағы атойлап ән шырқап, көрерменді салт еткізіп, әнді асқан шеберлікпен орындап шықты.

Әділ-қазы алқалары кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен шабыт, отанға деген махаббат толы әндерді тыңдап өз шешімдерін шығарды. Қазылар алқасы шешімдері бойынша Бас жүлдені 9 «А» -сынып оқушысы Эркинова Диляра, 1 орынды 11 «Б» -сынып оқушысы Даулетов Элнұр ,2 орынды 8 «А» -сынып оқушысы Абдугаппаров Абдусаид және 5 «А» -сынып оқушысы- Абдугаппаров Абдусамад, 3 орынды 5 «А» -сынып оқушысы- Шамшиддин Дилнара иеленді.

Оқушыларды құттықтау үшін сөз кезегі мектеп директоры М.Изатуллаева апайға берілді.








Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
........М.Изатуллева

# Республикалық біріңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі

2022-2023 оқу жылы

**«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жас өспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны**

**І жүргізуші:** Қайырлы күн оқушылар және ұстаздар! Республикалық бірыңғай **«Жас Ұлан»** және **«Жас Қыран»** балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына ұлдар мен қыздарды қабылдау салтанатты жиынына қош келдіңіздер!

**ІІ жүргізуші:** Бүгінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жас өспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз!

**І жүргізуші:** Ұйымға қабылданар әр оқушыға үлкен міндет жүктеледі. Олар туған жеріміз бен елімізді мақтаныш етуге, мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеуге, білімге табандылықпен ұмтылуға ант береді.
Республикалық бірлестік «Жас ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылданар оқушыларды қошеметтеп қояйық!

**ІІ жүргізуші:**
Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім
Беретін бойға күш-қуат,жігер
Шырқалсын шаттық әнұран әнім!

Әнұран ойналады

**І-жүргізуші:**
«Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау рәсіміне көше отыра, алдымен ұйымның мақсат, міндет, ережелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

**ІІ-жүргізуші:** «Жасұлан» ұйымының әрбір мүшесі:

**І жүргізуші:** Қоғамдық өмірде, тұрмыста, қазақ ұлттық болмыста, халықтық келбетпен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өситтерін орындауды перзенттік парыз деп түсінеді. Туған елін шексіз сүйеді.

**II жүргізуші:** Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук тағу керек және Республикамыздың мемлекеттік нышандарын құрметтеп, мемлекеттік әнұранды жатқа айту керек.

**II жүргізуші:** Өзін тұрмыста, қоғамдық өмірде сыпайы, қарапайым мінезде ұстайды.

**I жүргізуші:** Қазақ тілін еркін меңгеріп елдің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін жақсы білу, дамыта түсу сақтау үшін ынталы еңбектенетін болады.

**II жүргізуші:** Жасұлан ұйымының мүшесі — Отанының адал азаматтары.

**I жүргізуші:** Жасұлан ұйымының мүшесі — Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші

**I жүргізуші:** Жасұлан ұйымының мүшесі — оқуда, еңбекте және спортта өжет те қайсар.

**II жүргізуші:** Жасұлан ұйымының мүшесі — шыншыл, адал жолдас, әрқашан да шыншылдық үшін күресуге дайын болуы керек.

**I жүргізуші:**
Білімді –көкіректе нұр деп түсін
Жігерлі, жалынды отты жыр деп түсін.
Аталған мақсат, талап, ережені,
Орындауға бәріңде міндеттісің!- дей келе Жас ұлан, Жас Қыран туын қарсы алайық.

**II жүргізуші:** Сап түзел, тік тұр. Жас ұлан Жас Қыран ұйымының туы алып кірілсін. (Байрақ киреді)

**I жүргізуші:**
Елімнің болашағы ұланымыз,
Өрлеген өреніміз, жыр әніміз.
Тәуелсіз елімізбен бірге туған,
Аспаны азат елдің қыранымыз!

**Жас ұлан Жас Қыран ұйымының салтанатты жиыны дайындығына рапорт тапсырылсын.**

Балалар жолда жүру ережелерін мұқият тыңдап, берілген суреттердің қандай мағына білдіретінін айтып берді. Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары С.Жаппаров сөз сөйлеп жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылатынын айтып бүгінгі іс-шарада айтылған жол ережелерін қатаң сақтау керек екендігін ескертті.




Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
........М.Изатуллева

# «ТОЛАҒАЙ»

# ОТБАСЫЛАР САЙЫСЫ

2023 жыл

**Тақырыбы: «Жүйріктен жүйрік озар»** атты **«Толағай»** отбасылар сайысы

**Мақсаты:** Оқушылар мен ата-аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Оқушыларды және ата-аналар денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысу қажет екендігінің маңызын түсінеді. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстану керектігін біледі.Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттері нығаяды және өмірде белсенді болуға , алға қойылған мақсатты орындауға үйренеді. Отбасы ,бала, мектеп арасында ынтымақтастық орнайды.

**Барысы:**

**Мұғалім сөзі:**

Қайырлы күн құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылыр және бүгінгі күннің қонақтары!Бүгін сіздерге 1-сыныптың ата-аналарымен бірге өткізгелі отырған отбасылық **«Жүйріктен жүйрік озар»** атты **«Толағай»** сайысымызды көрсеткелі отырмыз.Отбасы-сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Оның бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады. Сондықтан да туған үйдің жылуы – ының көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Сол отбасы мен мектеп ұжымы бірлесе отырып жұмыс жасаса онда бала тәрбиесінде көп жетістіктерге жетіп, келеңсіз жағдайлардың алдын алар едік.

**1-жүргізуші:** Құрметті ұстаздар, ата-аналар және оқушылар қауымы! Бүгінгі «Жүйріктен жүйрік озар» атты «Толағай» отбасылар сайысына қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** «ТОЛАҒАЙ» отбасылар сайысы - еліміздегі отбасылардың атсалысуымен өтетін тәрбиелік маңызы зор ойын-сауықты бағдарлама. Осындай бағдарлама бүгінде біздің мектепте 1 - сынып оқушылар қауымы мен сүйікті де белсенді ата-аналарының арасында өткізілгелі отыр. Әр отбасы қатысады. Соның бірі жұлдызды отбасы. Әр отбасы жеке топты құрайды. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс.

**1-жүргізуші:**

Денсаулық - ол шыныққан
Барлық денең мүшесі.
нсаулық - ол тыныққан
Жүйке тамыр жүйесі.

**2-жүргізуші:**

Денсаулық - ол күлуің
Көңіл - күйің жадырай.
Денсаулық-ол жүруің
Ешбір жерің ауырмай.

**1-жүргізуші:** Тәлім, тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ. Әр отбасында ата-ана – шаңырақтың негізгі іргетасы болып есептелінеді. Сондықтан, бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда әке мен ананың рөлі орасан зор.

**2-жүргізуші:**

Спорт – денсаулық кепілі десек, «ТОЛАҒАЙ» отбасылар сайысы отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Біріншіден, дені сау ұлттың қалыптасуына атсалысады, екіншіден бағдарламаға қатысқан әр отбасыға рухани және мәдени мереке сыйлайды.

**1-жүргізуші:** Ендеше, «ТОЛАҒАЙ» отбасылар сайысы – отбасыларды спортқа баулиды. Ата-

**2-жүргізуші:**
Әр таңды бақытпенен атырамыз,
Өнерді ой көгінде бақылаңыз.
Сайысқа қатысуға енді ортаға
Үлгілі де,өнегелі отбасыларымызды шақырамыз
1.«Бірлік» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Біріміз бәріміз үшін,
Бәріміз біріміз үшін
2. «Сұңқар»тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны:Сұңқардай қалықтаймыз,
Ізденуден жалықпаймыз.
3. "Қыран" тобын ортаға шақырамыз.
Топтың ұраны: «Қыран құстай самғаймыз,
Жарыста біз қалмаймыз!»
4. «Болашақ»тобын ортаға шақырамыз.
Топтың ұраны:Болашақ тобы алға,
Биіктерге самға
**(Әр топ ортаға шыққанда өз топтарымен таныстырып кетеді)**
**1-жүргізуші:**
Сайысты бастамас бұрын,біздің жетістіктерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

1.

2.

3.

Сайысымыз 6 кезеңнен тұрады. 5,4,3 балдық жүйемен бағаланады.

Ендеше сайысымызды басталмас бұрын Еліміздің Әнұраны орындалса.

**2-жүргізуші:**
Бүгінгі спорттық сайыс 6 кезеңнен тұрады.
1. Кім жылдам? (геометриялық фигуралардан үй құрау)
2. Кім епті? (ыдыстағы суды мәреге жеткізу)
3. «Мергендер» (әріптерден сөз құрастыру)
4. Шеңберді өткізу (шеңберден өтеді)
5. Тапқырлар (жасырынған сөзді табады)
6. Тәй-тәй (Жалаушаны жеткізу)
**1-жүргізуші:** Алғашқы сайыс **І тур «Кім жылдам?»** деп аталады
**Шарты:** *Топтың әр мүшесі секіртпеде секіріп барып геометриялық фигуралардың біреуін ғана алып жүгіріп қайтады.Сол фигуралардан үйдің апликациясын жасайды.Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз.**

**2-жүргізуші:**
Шынықсаң шымыр боласың,
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.-дей келе кейінгі сайысымыз яғни **ІІ тур «Кім епті?»**-деп аталады.

**Шарты:***Мұнда ыдыстағы суды ұзын жолақ қағаз арқылы сөреден мәреге жеткізу.Қағазға*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз.**

**1-жүргізуші:**Хуснара апай сіз допты алып жүгіре аласыз ба?
**2-жүргізуші:**Білмеймін мүмкін байқап көрермін.
**1-жүргізуші:**Ендеше келесі **3-сайысымыз «Мергендер»** деп аталады.
**Шарты:** *Топтың әр мүшесі допты жерге ұрып, ойнап мәреге жету керек. Жеткен соң шарлардың біреуін жарып ,сондағы әріпті алып қайтады.Шарлар таусылғанша ойынды қайталап отырады.Алып келген әріптерден сөз құрастырады.Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз.**

**2-жүргізуші:**Жарайсыздар! Сіздер әріптерге қол жеткіздіңіздер. Сол әріптерден сөз құраймыз.
**1-жүргізуші:**Сонымен , біздің топтарымыз қандай сөздерді құрастырыпты?
**2-жүргізуші:ОТБАСЫ ,МЕКТЕП, БАЛАҒА, ТӘРБИЕ.**
**1-жүргізуші:**Дұрыс айтасыз , бүгінгі біздің сайысымыз да осы 4 сөздің төңірегінде өтіп отыр гой. «Не ексең, соны орасың» демекші отбасы мен мектеп ынтымақтастықта балаға тәрбие берсе, «Бала бойындағы асыл қасиеттер» жарқырай көрініп, келешегі зор ұрпақ тәрбиелеуімізге күмәнім жоқ.Мектеп пен ата-ана арасындағы сыпайы сыйластық үндесіп жатса, бала тәрбиесі жақсы болары сөзсіз.
**жүргізуші:** Кейінгі сайысымыз яғни **IV тур «Шеңбермен жүру»** деп аталады.
**Шарты:***Мұнда топ мүшелері екі шеңберді ауыстырып ,шеңберден шеңберге өту арқылы мәреге қарай жылжып отырады.Шеңберден шығуға болмайды.Мәреге бірінші болып жеткен топ жеңімпаз атанады.*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз.**

**1-жүргізуші:**
Салауат бағы баулиды бізді жақсылыққа,
Жетелейді елдің сәні ынтымаққа.
Денсаулықтың түсіндіріп қадірін,
Жол салады айдын шалқар болашаққа.-деп **5-ші** сайысымызға кезек берейік.
**2-жүргізуші:**
Бұл сайысымыз «Тапқырлар» деп аталады.
**Шарты:** *Тек топ басшысылары ортаға шығады. Екі суреттен жасырынған бір сөзді табады. Әр сөзге 5 ұпайдан беріледі.Сөзді тапқан топ басшысының еншісіне ұпай саны . ғзылады. Қане топ басшылары дайынбыз ғой. Сайысымызды бастайық.*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз.**

**1-жүргізуші:**
Ең соңғы және **6-шы** сайысымыз **«Тәй-тәй»** деп аталады.
**Шарты:** *Әке мен баланың, анасымен қызының аяқтары байланады. Әке мен бала байланған аяқтарымен кедергілерден жүріп өтіп барып жалаушаларды алады, қайтадан келіп аналарға береді. Анасымен қызы да жалаушаны көтеріп кедергілерден өтіп барып келеді. Мәреге бірінші жеткен топ жеңіске жетеді.*

**Әділқазылар алқасы сіздердің бағаларыңыз**

**1-жүргізуші:**
Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық. Осы денсаулықтың әліппесін әрқашан жадында ұстанатын белсенді де білгір, денсаулығы мықты азаматтарымыз Қазақстан Республикамыздың туын әр дайым биіктерге көтере берсін
**2-жүргізуші:**
Денсаулықтың маңызына қаныгып,
Халқымыз жүр шат күлкіні жамылып.

Той – думанда да, кездесу мен жиын да,
Өтеді әр кез Салауаттың бағында.

**.1-жүргізуші:**

Жарыс заңы ежелден
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол,
Еңбектені, жалықпау.
Біреу озса сайыста,
Біреу артта қалады.
Бұл сайыстан ренжімей
Тараса бізге жарады

**2-жүргізуші:**

Марапаттау рәсімін біздің ата-аналарымыздың өнерлеріне тәнті болып отырған әділқазылар алқасына береміз.Әділқазыларымыз жеңімпаздарды анықтап , марапаттау рәсімін өткізсе.

**1-жүргізуші:**

Ұрпақ керек ертеңгі алда,
Болашақты болжайтын.
Дені таза, тәні таза,
Елін, жерін қорғайтын!

**жүргізуші:**

Денсаулық - басты байлық өмірдегі,
Нәр беретін асыл ғой көңілдегі.
Салауатты өмір салтын насихаттап,
Атанайық жақсы азамат өңірдегі.

**1-жүргізуші:** Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық.

**2-жүргізуші:** Салауатты өмір салтын сақтап, болашағымызды сәулендірейік! «Толағай» отбасылар сайысы осымен тәмамадалады. Белсенділік танытып, тамашалағандарыңыз үшін көп-көп рахмет!

**I тур «Кім жылдам?» Шарты:** *Топтың әр мүшесі секіртпеде секіріп барып геометриялық фигуралардың біреуін ғана алып жүгіріп қайтады.Сол фигуралардан үйдің апликациясын жасайды.Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.*

**II тур «Кім епті?» Шарты:** *Мұнда ыдыстағы суды ұзын жолақ қағаз арқылы сөреден мәреге жеткізу.Қағазға су тиіп үзілсе, топтағы мүшелер орын ауысадыУақыт шектеулі.3 минут уақыт беріледі.Суды кім мәреге жеткізсе немесе мәреге ең жақын топ жеңіске жетеді.*

**III тур «Мергендер»** деп аталады.**Шарты:** *Топтың әр мүшесі допты жерге ұрып, ойнап мәреге жету керек.Жеткен соң шарлардың біреуін жарып ,сондағы әріпті алып қайтады.Шарлар таусылғанша ойынды қайталап отырады.Алып келген әріптерден сөз құрастырады.Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.*

**IV тур «Шеңбермен жүру» Шарты:** *Мұнда топ мүшелері екі шеңберді ауыстырып ,шеңберден шеңберге өту арқылы мәреге қарай жылжып отырады.Шеңберден шығуға болмайды.Мәреге бірінші болып жеткен топ жеңімпаз атанады.*

**V тур «Тапқырлар» Шарты:** *Тек топ басшылары ортаға шығады. Екі суреттен жасырынған бір сөзді табады. Әр сөзге 5 ұпайдан беріледі.Сөзді тапқан топ басшысының еншісіне ұпай саны жазылады. Қане топ басшылары дайынбыз ғой. Сайысымызды бастайық.*

**VI тур «Тәй- тәй» Шарты:** *Әке мен баланың, анасымен қызының аяқтары байланады. Әке мен бала байланған аяқтарымен кедергілерден жүріп өтіп барып жалаушаларды алады, қайтадан келіп аналарға береді. Анасымен қызы да жалаушаны көтеріп кедергілерден өтіп*

№ 16
«27» 01 23

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жүйріктен жүйрік озар» тақырыбында өткізілген «Толағай» отбасылар сайысы туралы

# МӘЛІМЕТ

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жүйріктен жүйрік озар» тақырыбында 20 қараша күні «Толағай» отбасылар сайысы өткізілді. Бұл сайысқа мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты. Жалпы алғанда Толағай отбасылар сайысына 4 отбасы яғни 4 топ «Сұңқар»тобы, «Қыран» тобы, «Болашақ» тобы , «Бірлік» тобы қатысты. Барлық топ сайысқа өте жақсы дайындықпен келгені көрініп тұрды. Сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасы сайланды.

Олар: Дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Хайруллаев

Қазақ тілі мұғалімі М.Нурметова

Ата-аналар комитетінің төрайымы А.Байпакова

Толағай отбасылар сайысы салтанатты түрде Қазақстан Республикасының әнұранын айтумен басталды.





Сайыс 6 кезеңнен тұрды:

1. Кім жылдам.(Геометриялық фигуралардан үй құрау)
2. Кім епті. (Ыдыстағы суды мәреге жеткізу)
3. «Мергендер» (Әріптерден сөз құрастыру)
4. Шеңберді өткізу (Шеңберден өтеді)
5. Тапқырлар (Жасырынған сөзді табады)
6. Тәй-тәй (Жалаушаны жеткізу)

Алғашқы сайыс кім жылдам. Бұл сайыста топтың әр мүшесі секіртпеде секіріп барып геометриялық фигуралардың біреуін ғана алып жүгіріп қайтты.Сол фигуралардан үйдің аплекациясын жасады. Бірінші аяқтаған «Сұңқар» тобына 5 ұпай берілді.

Екінші кезең кім епті деп аталады. Бұл кезеңде ыдыстағы суды ұзын жолақ қағаз арқылы сөреден мәреге жеткізді. Қазазға су тиіп үзілсе, топтағы мүшелер орын ауысып отырды. Стакандағы суды бірінші мәреге жеткізген «Қыран» тобы болды.





Үшінші кезең «Мергендер».Бұл кезеңде топтың әр мүшесі допты жерге ұрып,ойнап мәреге барды, жеткен соң шарлардың біреуін жарып ішіндегі әріпті алып қайтты және барлық әріпті жинап алып сөз құрастырды. Жылдамдық танытып «Қыран» тобы «Отбасы» деген сөзді дұрыс тауып алғашқы болып аяқтады.

Төртінші кезең шеңбермен жүру. Бұл кезеңде топ мүшелері екі шеңберді ауыстырып шеңберден шеңберге өту арқылы мәреге жетті. Бұл кезеңде мәреге бірінші «Сұңқар» тобы жетті.





Бесінші кезең «Тапқырлар» деп аталды. Бұл кезеңде топ басшылары ортаға шығып екі суретте жасырынған бір сөзді табады дұрыс тапқан әр сөзге 5 ұпайдан беріліп отырды. Бұл сайыста барлық топ басшылары белсенділік танытты.

Соңғы кезең «Тәй-тәй» дем аталады. Бұл кезеңде әкесі мен баласының және анасы мен қызының аяқтары байланды. Байланған аяқтарымен жүріп барып мәредегі жалаушаны алып келді Бұл сайыста «Қыран» тобы алғашқы мәреге жетті.





«Толағай» отбасылар сайысына қатысқан әр отбасы сайыс барысында белсенділік танытты. Барлық ата – аналар өздерінің білімді және спортқа шебер екендіктерін дәлелдей алды. Сайысымызға әділ баға беріп отырған әділ қазы алқалары өз шешімін шығарды. Әділқазы алқаларының шешімі бойынша бүгінгі сайыста белсенділік танытып жеңіске жеткен топ «Қыран» тобы болды. 2 орынды «Сұңқар» тобы болды, 3 орынды «Бірлік» және «Болашақ» топтары иеленді.Сайысқа қатысқан барлық топтар марапатталды.







Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.......М.Изатуллева

# «АҚЫЛДЫЛАР МЕН КӨҢІЛДІЛЕР» САЙЫСЫ

2023 жыл

**Тақырыбы:** «Көңілділер мен ақылдылар сайысы»

**Сабақтың мақсаты:**

1.Білімділік: ой-өрісін, белсенділік қабілетін, танымдылық қызығушылығын арттыру.

2.Дамытушылық: оқушылардың тілдік қорын дамыту, жарыстыру арқылы аңғарымпаздық қасиеттерін арттыру, ой-өрісін кеңейту.

3. Тәрбиелік: тапқырлыққа, еңбек сүйгіштікке, ұйымшылдық пен шапшаңдық тәрбиелеу

**Сабақтың түрі:** сайыс- сабақ

**Сабықтың көрнекілігі:** нақыл сөздер, суреттер, плакаттар

**Қолданылған нақыл сөздер:**

1.Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

2. Арман – жарық жұлдыз, онсыз айқын бағдар жоқ, бағдар болмаған соң, алға басу да жоқ, тірлік те жоқ

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі

Кіріспе

**Жүргізуші:**Армысыздар қадірлі ұстаздар, білім мен ғылымға құштар шәкірттер!

Бүгінгі сабағымыз «Көңілділер мен ақылдылар сайысы» тақырыбында жарыс түрінде өткізіледі. Мақсатымыз белсенділік танытып, білімді екенімізді көрсете білу. Бүгінгі сайысымызды ашық деп жариялаймын.

Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанама?

Білім мен өнер жырысып,

Тәрбие – білім табар ма.

Кім жүйрік ойға, сол алда – дегендей, бұл сайыста екі топ жарысқа түседі.

Сайысымыз 9 кезеңнен тұрады.

| |
|---|
| Көне сөздің мағынасы |
| Суреттен сөз тап |
| Ребустар |
| Мақалды жалғастыр |
| Жаңылтпаш айту |
| Рас-өтірік, ақиқат-жалған |
| Әңгімені толықтыр |
| Сұрақтар |
| «А,Ж» Әріптен әңгіме құрау |

Әділқазы алқамыз 2.

Кім болады жарыста.

Көңілділер мен тапқырлар

Сайысын көруге асықпа.

-дей отырып сайыскерлеріміздің білімі мен өнеріне баға беретін әділ қазылар алқасымен танысып алайық.

1

2

3.

**Жүргізуші:** Білімнің сырын ұғына
Шығындар білім шыңына
Ұқыптылық пен зеректілік
Жеткізер білім шыңына-деп сайысымызды бастаймыз.

Алғашқы кезең «Көне сөздің мағынасы»- бұл кезеңде оқушылар «Адырна,Биқасап,Шекпен,Саптыаяқ» сөздерінің мағынасын айтады.

**Жүргізуші:**

Екінші кезең суреттен сөз тап деп аталады. Бұл кезең бойынша оқушылар 2 суреттен бір сөз табады.




**Жүргізуші:**

Сайысымыздың үшінші кезеңі ребустар. Бұл кезеңде оқушылар ребустар шешеді.



**Жүргізуші:**

Төртінші кезең Мақалды жалғастыр. Бұл кезеңде оқушыларға толық емес мақал-мәтелдер көрсетіледі. Сол мақалдың жалғасын табу керек.

1.Өнер ағып тұрған бұлақ......

2.Кітап ғылым......

3.Білімдіге дүние жарық...

4.Оқу білім азығы.......

5.Білегі күшті бірді жығады.....

6.Оқу инемен.....т.б

**Жүргізуші:**

Сайысымыздың бесінші кезеңі жаңылтпаштар айту. Бұл кезеңде оқушылар ауа алмастан жаңылтпашты тез айтуы керек.Кім көп айтса сол топқа ұпай беріледі.

Омартаға балалар барар,

Балаларды аралар талар.

**Жүргізуші:**

Алтыншы кезең рас-өтірік, ақиқат-жалған деп аталады.Бұл кезеңде белгілі бір деректер айтылады. Оқушылар сол деректің рас немесе жалған екенін айтады.

**Жүргізуші:**

Жетінші кезең Әңгімені толықтыр.Бұл кезеңде оқушыларға белгілі бір тақырыптағы мәтін беріледі. Сол мәтінді өз ойларымен жалғастыру керек.

Алғашқыда адамдар тек аңшылық және терімшілікпен айналысып, орныққан жерлерінен аңды қаумалап аулауға тиімді орындарға қоныс аударды. Әдетте адамдардың тұрақтары өзендер мен көлдердің жағасына орналасатын. Кейін**......**

**Жүргізуші:**

Сайысымыздың сегізінші кезеңі Сұрақтар деп аталады. Бұл кезеңде оқушыларға логикалық сұрақтар қойылады.Дұрыс жауап берген топқа ұпай беріледі.

1.Алғашқы үш сабақ: қазақ тілі, математика және тарих болды. Математика бірінші емес, тарих бірінші де, үшінші де емес. Қай пән нешінші болады?

2. Егер екі кірпіштің салмағы 8кг болса, бір жарым кірпіштің салмағы неше кг?

3. Автобус ауылға жүріп келе жатыр. Ол қарама-қарсы бағытта келе жатқан 3 автокөлікті көрді. Ауылға неше көлік бара жатыр?

4. Жасыл адамды көргенде не істеу керек?

5. Жаңбыр екі күн қатарынан жауyы мүмкін бе?

**Жүргізуші:**

Сайысымыздың соңғы кезеңі әріптерден сөйлем құрау.Бұл кезеңде оқушылар әріп таңдап алады және тек қана сол әріптерден басталатын сөздерден сөйлем құрайды.

Мысалы:Жазира, Жанар, Жолдасбек, Жайнагүл, Жадыра, Жеткізген жетеуі жазда Жем жағасынжа жеті жұмыртқаны жарды.

**Жүргізуші:**

Ендігі кезегін әділ қазылар алқасына береміз

Егеменді қазақтың біз ұраны,

Өз туы бар, елтаңба, әнұраны,

Үмітін ақтайтын біз аға ұрпақтың

Самғайтын биіктерге тау қыраны

Алдыңызда жайнаған жүздер әні

Сіздермен кездесерміз біздер әлі

Әділқазы, көрермен сау тұрыңыз,

Күтеді бізді жарқын күндер әлі! – деп сайысымызды аяқтаймыз.

Назарларыңызға рахмет!

№ 17
«30» 01 2023

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Ақылдылар мен көңілділер» тақырыбында өткізілген зияткерлік ойыны туралы

# МӘЛІМЕТ

Сайыс 2023 жылы 25 қаңтар күні өткізілді. Сайысқа *$8^{а}$ және $8^{б}$сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. $8^{а}$ -сынып оқушылары «Жалын» тобы, $8^{б}$ –сынып оқушылары «Барыс»тобы болды.*




-

Сайыс 9 кезеңнен тұрды.Олар:

| | |
|---|---|
| 1.Көне сөздің мағынасы | Көнерген сөздердің мағынасын айту |
| 2.Суреттен сөз тап | Тақтада 2 сурет беріледі сол суреттерден сөз құрау керек. |
| 3.Ребустар | Тақтада берілген ребустарды шешу. |
| 4.Мақады жалғастыр | Мақалдың жалғасын табу. |
| 5.Жаңылтпаш айту | Жаңылтпашты ауа алмай неше рет айта алады. |
| 6.Рас-өтірік, ақиқат-жалған | Берілген оқиғалардың рас өтірігін айту. |
| 7.Әңгімені толықтыр | Белгілі бір оқиға жазылған соны өз ойларымен жалғастыру. |
| 8.Сұрақтар | Логикалық есептер шешу. |
| 9. Әріптен әңгіме құрау | Белгілі бір әріптен сөйлем құрау. |

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Ш.Жаппаров
Химия пәні мұғалімі Н.М.Асетова
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары С.Жаппаров

Алғашқы кезең көнерген сөздердің мағынасын табу. Экранда берілген көне сөздің мағынасын тауып бірінші жалаушаны көтерген топ жауап беріп отырды. Бұл кезең бойынша 2 топта бір-бір сөзден тауып 1 ұпайдан иеленді.





Екінші кезең суреттерден сөз табу. Бұл кезеңде маниторда берілген екі суреттен бір сөз құрау қажет,бірінші тапқан топ қолындағы жалаушаны көтеру арқылы жауап беріп отырды. Бұл ткезеңде екі топта төрт сөзден тауып төрт ұпайдан иеленді.

Үшінші кезең ребустар шешу. Маниторда ребустар көрсетілді бірінші тапқан топ қолындағы жалаушаны көтеру арқылы жауап беріп отырды.Бұл кезеңде «Жалын тобы жылдамдық көрсетіп 4 ұпайға ие болды.





Төртінші кезең мақалды жалғастыр. Бұл кезеңде оқушылар тақтада берілген мақал мәтелдердің жплғасын жылдамдықпен тауып жауап берді. «Жалын тобы» екі мақалды дұрыс тауып 2 ұпай, «Барыс тобы» үш мақалды дұрыс тауып 3 ұпайға ие болды.

Бесінші кезең жаңылтпаш айту. Бұл кезеңде топтағы топ басшылар сайысқа түсті және маниторда берілген жаңылтпашты ауа алмай неше рет айта алатыны тексерілді. «Жалын» тобы топ басшысы 3 рет айтып 3 ұпайға , «Барыс» тобы топ басшысы 4 рет айтып 4 ұпайға ие болды.

Алтыншы кезең рас-өтірік, ақиқат жалған. Бұл кезеңде жүргізуші оқушыларға белгілі бір деректерді оқыды және оқушылар шапшаңдықпен жалаушаны бірінші көреріп ақиқат немесе жалған деп жауап берді. Бұл кезеңде «Жалын» тобы 6 деректі дұрыс тауып 6 ұпай, «Барыс тобы 8 деректі дұрыс тауып 8 ұпайға ие болды.

Жетінші кезең әңгімені толықтыр. Бұл кезеңде оқушыларға маниторға белгілі бір әңгіме берілді және оқушылар соны өз ойларымен жалғастырды.Бұл кезеңде әңгімені мағыналы етіп жалғастыруларына байланысты «Жалын» тобына 4 ұпай «Барыс» тобына 3 ұпай берілді.

Сегізінші кезең сұрақтар.Бұл кезеңде екі топқа ортақ логикалық сұрақтар берілді. Жауабын тапқан топ қолындағы жалаушаны көтеру арқылы жауап беріп «Жалын» тобы 2 ұпай, «Барыс» тобы 3 ұпай иеленді.

Тоғызыншы кезең әріптерден әңгіме құрастыр. Бұл кезеңде бірнеше іріптердің ішінен «Жалын» тобы А әріпін, «Барыс» тобы Ж әріпін таңдап алып тек сол әріптен сөйлем құрады. Бұл кезеңде құраған сөйлемдерінің мағынасына қарай екі топқада 4 ұпайдан берілді.

Сайыс қорытындысы бойынша әділ қазы алқалары шешім шығарды. Әділ қазы алқаларының шешімі бойынша «Жалын» тобы 1 орын, «Барыс» тобы екінші орынды иеленді.Қазыла алқасы сайстағы кемшіліктерді және жақсы жақтарын айтып оқушыларды марапаттады.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.....М.Изатуллева

# «ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ»

# АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ

# АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

2022-2023жыл

«Ерлікке тағзым »

**Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалсын!**

1.жүргізуші: Армысыздар қымбатты ардагерлер және ұстаздар мен оқушылар.

Жауларға қарсы келген жасқанбаған,
Жасаған ерлігіне мастанбаған,
Ұрпаққа өмір жолы өнеге боп,
Тарихта ардагерлер асқанбағаң.

Қызығы балалықтың тарқамаған,
Кезінде-ақ әр ауылдан, ірі қаладан.
Аттанып қан майданға сендерсіңғой,
Соғыстың бар азабын арқалаған.

Құрметті қонақтар, сол кезде қатерге бел буып, батырлықпен, қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, қаһармандық танытқан, өздерінің Отан алдындағы парызына адал болған Ауған соғыс ардагерлеріне арналған, Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ерлікке тағзым» атты салтанатты жиынына қош келіпсіздер! – деп кезект 6 сынып қыздары орындауында биге береміз.

**Жүргізуші**: 1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғыстан жеріне Кеңес әскерлері негізі туралы шешім қабылданды. Соғыс – зұлымдық, жазықсыз төгілген қан, тарих жылнамасынан өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орыналған зұлматтың бірі – Ауған соғысы.
10 жыл бойы байтақ елдің тыныштығын бұзып, бұл дүниеден бейхабар періштедей жаны пәк сәбилердің шырылдап шыңғыруға шым батырған Ауғаныстандағы сұрапыл соғыс 9 жыл 10 айға созылды. Қазақстаннан Ауған соғысына 22 мың адам қатысып олардың 761 –і қаза тауып, 21 адам хабарсыз кетіпті. Бүгінгі таңда елімізде 7000- ға жуық ауған ардагерлері бар. Олардың 3000 – дайы мүгедектер қатарынан екен. Міне, Ауған соғысының аяқталғанына 34 жыл өтті. Сол кездегі әскерге алынған жас жігіттеріміздің бір талайы соғыс зардабын тартып, қазіргі уақытта Ауған соғысының ардагері атанып отыр.

Еске алайық, құрметтейік құрбандардың рухын,
Қабірлері нұрға орансын, суық көрде жылынсын,
Есілерлер ескерткішке айналсаңда бүгінде
Мәңгі бақи тірісіңдер, тірісіңдер, біз үшін!

**Ауған соғысында қазатапқан батыр ағаларымызды орнымыздан тұрып, 1 минут үнсіздікпен ескеалайық.**

**жүргізуші: Рахмет!**

Армысыздар ,ауғандақ жауынгерлер
Жырым бар жараланған жаныңды емдер
Өлгендердің болсын жаннатда жаны
Тірілерің мың жаса дәуірлеңдер , дей отырып кешімізге келген Ауған соғысы ардагерлерімен таныстырып өтейік.

**1,Баймұратов Қалдыбай Шерезданұлы 1962 жылы 26 желтоқсанда Түркістан қаласында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі – орта. Әкесі Шерездан мен анасы Халбиби 9 бала тәрбиелеген. Қалдыбай солардың ішіндегі жетінші ұл. Әйелі Сәнімгүл екеуі 5 ұл тәрбиелеп отыр. 1981 жылы 4 сәуірде Семей Облысы Аякөз қаласында дайындық курсынан өтіп, сол жылы 20 маусымда Ауған елінің Шиндант правинциясына түскен. 1983 жылдың маусымында аман есен елге оралған.**

**2.Илянов Тайир Мусаханұлы**

**3.Пайзенов Хасен Азимович**

Ардагерлер
Айтса ертек көргендері
Сыңғырлап таймаған өрден кері
Кеуде толы жарқырап ордендері.

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 – жыл толуына байланысты ұйымдастырылып отырған іс–шарада **сөз кезегін мектебіміздің директоры Изатуллаева Мехринса апайға беріледі.**

**Жүргізуші: 11 сынып оқушысы Давлетов Элнурдың « Ауғаныстан қасіреті» әнін қабыл алыңыздар.**

**Жүргізуші: Ауған соғысы жайлы видео ролікті назарларыңызға ұсынамыз.**

**Жүргізуші:**

Мен қазақпын, көкбайрағын желбіреткен,
Жүрегіңді жылы сөзбен елжіреткен.
Думанды ауыл, саялы қалаларда
Сыйласып, бір – бірімен күні өткен. **Деп келесі кезекті мың бұралған биші қыздарға береміз.**

**7-сынып қыздарын «Сарбаздар» биімен қарсы алыңыздар.**

**Жүргізуші:**

Сол ауғанда талайдосты жерледік,
Қарлы шыңға күн – түн демей өрледік.
Сұрапылда ерледік те шерледік
Намыс туын қолдан бірақ бермедік.

**5 «А» сынып оқушысы Абдуғаппаров Абдусаматтің орындауында « Жойылсын соғыс» әнін қабыл алыңыздар.**

**Жүргізуші:**

Досы келсе бәрін де қонақ еткен,
Жауы шапса, бас игізіп тізерлеткен.
Бабасына сиынып тағзым еткен,
Жаны – таза, қаны – таза, қазақ елім, - **деп келесі кезекті 3 а-сынып қыздарының орындауындағы «Қазақ биін» назарларыңызға ұсынамыз.**

**Жүргізуші**: Ауғаныстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл өтсе де, сол жауынгерлер бүгінде бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасынан айыға алмай келеді. Бүгін өзімізбен бірге сыр елінің көсегесін көтеруге атсалысып жүрген ауғандық ардагерлерді қадірлеп, құрметтеу – біздің борышымыз дегіміз келеді! .

Өтер жылдар, айлар тағы алыстап,
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.
Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың
Ауғандағы азап шеккен арыстар, - деп жырлағандай өмір тоқтамайды, ерлік өлмейді, замандарға жалғасабереді. Бұған дәлел бүгінгі ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміз, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері ұмытылмақ емес.

Сонау ауған жерінде қару асынып мұңар қалаған сын сағаттарда бірін – бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түпкір – түкпірінде еңбек етуде. Аяулы жандар уақыт тауып келгендеріңізге рахмет! Сіздерге ұзақ ғұмыр, денсаулық, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Құрметті қонақтар! Осымен біздің Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 – жыл толуына байланысты ұйымдастырылып отырған «Ерлікке тағзым» тақырыбындағы салтанатты іс–шарамыз аяқталды. Барлықтарыңызға белсене қатысқандарыңыз үшін алғысымызды айтамыз. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.........М.Изатуллева

# «АЛҒЫС АЙТУ ПАРЫЗЫМ»

2022-2023жыл

**I жүргізуші**: Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар мен оқушылар!

**II жүргізуші:**
Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылдың 14 қаңтардағы № 173 Жарлығы негізінде 1 наурыз Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай 1 наурыз Қазақстанда Алғыс айту күні болып жарияланды. Осы жарлық негізінде мектебімізде өткелі жатқан «Алтын жүрек » атты Ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

**I жүргізуші:**
Ұстаз болу аса маңызды және өте қиын мамандық, өйткені ұстаз білім ғана беріп қоймайды. Ұстаз баланы болашақ үлкен өмірге дайындап қажетті кеңестермен сусындатады.

**II-жүргізуші:** «Алтын жүрек» атты Ризашылық күніне арналған мерекелік іс-шараға зейнеткер ұстаздарымызды ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген асыл жандарды шақырып отырмыз. Іс-шараға шақырылған қонақтар:
Мамлакат апай
Мушарап апай
Сайера апай
Мунаввар апай
Аминжон бобо
Носир бобо
Йолдашбой бабо қош келдіңіздер!

**І-жүргізхуші:** «Адал бол, - деп, - балдырған»,
Әділдікке баулыған.
Жүрегінде – махаббат,
Тілегінде – марқабат
Мамлакат апай,Мушарап апай ,Сайера апай,Мунаввар апай
Аминжон бобо,Носир бобо,Йолдашбой бабо сіздерге **МЫҢ АЛҒЫС!**

**II- жүргізуші:** Ризашылық күні адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады. Ендеше, алғыс білдіру үшін сөз кезегін мектеп директоры Изатуллаева Мехринса апайға береміз.

**I жүргізуші:**
Құрметті ұстаздар, мектеп оқушыларының атынан көрсеткен қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебіздеріңіз үшін басымызды иіп, рахметімізді айтамыз. Еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақыт тілейміз.
5-сынып қыздарының орындауында «Ұстазым» Әні

**II жүргізуші:**
Мұғалімнен өнеге – білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»… Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

**I жүргізуші:**
Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,
Ол болмаса, кім береді парасатты.
Асылын беріп шәкірт бойларына,
Ағартқан сол үшін де қара шашты.
Ұстазға әркім басын ию керек,
Кемеңгер, ақылшым деп білу керек.
Сен бүгін керемет боп кетсең дағы,
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек.
Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,
Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын.
Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз,
Шәкіртінің биікке шыққандарын.

**II жүргізуші:**
***Алғыс*** - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс – әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру.

**I жүргізуші:**
***Ризашылық*** – адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезім.
Ендеше мектепішілік өзін-өзі басқару ұйымының алғыс тілектерін қабыл алыңыздар.

**II жүргізуші:**
Мың алғыс, миллион алғыс аналарға!
Аты да, өзі де ұлы тұрар алда.
Отанмен, туған жермен теңесесің,
Нәр алған аналардан даналар да.
Тірлікке бастаусыңдар тұнық бұлақ,
Таң шапақ сәулесіңдер жарық шырақ.
Жүз көрер айнасыңдар шаң қонбаған,
Жайдары жаз күніндей жанға шуақ.-деп келесі кезекті 9А-сынып оқушылары орындауында «Алғыс» әніне береміз.

**I жүргізуші:**
Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды.

Ендеше барша аналар қауымын келе жатқан «Халықаралық әйелдер» күнімен құттықтаймыз!!!

**ІІ жүргізуші:**
Бүгінгі ризашылық күнін пайдаланып аналарымызға да басымызды иіп, рахметімізді айтамыз!

Ән «Ана »

**І жүргізуші:**
Құтты болсын бүгінгі
алғыс айту күні бұл
Туған елім мың алғыс,
Қабыл ал шаттық үнім бұл- деп келесі кезекті 5А –сынып оқушыларының орындауында Отан туралы өлең жолдарына берсек.

**ІІ жүргізуші:**

Барлық ұлттың басын қосты бұл достық
Ұлы достық Нұрлы достық Күн достық

Достық деген қасиетті ұранға
Кең даланың жүрегі де үн қосты
Биші қыздар биімен де үн қосты- келесі кезекті 7б -сынып қыздары орындауындағы биге берсек.

**І жүргізуші:**
Құрметті оқушылар, жылы сөз, қайрымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңде сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңіздер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар.

**ІІ жүргізуші:**
Осымен «Алғыс айту-парызым» атты Ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізді аяқтаймыз, келіп тамашалағандарыңыз үшін
көп – көп **РАХМЕТ(**2жүргізуші бірге☺)

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Алғыс айту» күніне орай «Алтын жүрек» тақырыбында өткізілген мерекелік іс-шара туралы

# МӘЛІМЕТ

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай мектептің өзін-өзі басқару ұйымы бірлесіп, мектепке ерте келіп ,мектепке келген әр бір ұстазды , кіші қызметкерлерді тіпті оқушыларды да жақсы тілектермен , өлең шұмақтары жазылған әдемі гүл сыйлап күтіп алды, әрі ол арға мерекелік көңіл күй сыйлады.





Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жыл 1 наурыз кіні мектептің АКТ залында «Алғыс айту» күніне орай «Алтын жүрек» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс шараға елдің елеулісі болып жүрген зейнеткер ұстаздарымыз, мектептегі жасы үлкен ұстаздарымыз шақырылды.




Мерекелік іс-шарада мектебіміздің әнші қызы  Эркинова Диляра барлық жанға өз алғысын ән арқылы жеткізіп «Алғыс» әнін орындап берді. Биші қыздар мың бұралыпбилеп көрерменнің қошеметіне бөленді.





Мектебіміздің өзін –өзі басқару ұйымы келген қонақтарды алғыс айту күнімен құттықтап,ұстаздарға аянбай білім беріп саналы ұрпақ тәрбиелеп жатқандықтары үшін алғыстарын білдіріп ,сыйлықтарын табыстады.Мектеп директоры М.Изатуллаева және келген қонақтар да сөз сөйлеп барлық оқушыларға, ұстаздарға өз алғыстарын айтты.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
........М.Изатуллева

# «АНАМЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС»

# Анамызға мың алғыс!

**1 - жүргізуші:**

Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыз - келіншектер! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті.

**2 – Бошловчи**:

Ассалому алейкум қалби мунис , мухтарам онахонлар, азиз опа- сингиллар. Сизларни онажонлар байрами яъни - 8 март байрами билан чин қалбдан табриклайман . Сизларга узоқ умр сихат саломатлик хар бир кунларингиз қувончга тула булишини тилаймиз.

**1 - жүргізуші:**

Шуақты көктем келді гүлін алып
Көктеинің мерекесі бүгін анық
Өмірдің көктемі де, гүлі – аналар,
Ана деп бас иеді күллі халық

**2 – Бошловчи:**

Онажоним беғуборим сиз узингиз
Қуешим , ойимсиз, юлдузимсиз
Мадинам хам, маккам хам сиз узингиз
Бахтимга омон булинг бир узингиз

**1 - жүргізуші:**

Ер жеткізіп елге берген баласын
Ақылдысың, ардақтысың, данасың.
Қарайтыным қас- қабағың бір сенің ,
Қайратыңнан қайта көрме ,анашым - дей отырып, алғашқы мерекелік құттықтау сөзді мектеп директоры Изатуллаева мехринса апайға және оқу ісі меңгерушісі Ахмедова Сумбул апайға береміз.

**2 – Бошловчи**:

Бизнинг қизлар оталарнинг эркаси
Бизнинг қизлар оналар ёрдамчиси
Бизнинг қизлар лобар, чевар
Бизнинг қизлар мехнатсевар-биз бугун қадирдон мактабимиз сахнасида қизларимизнинг билими, куч ва махоратларини исботлаш мақсадида «Иқбол қизлар» мусобақасини утказмоқдамиз.

**1 - жүргізуші:**

**Ендеше білімді де өнерлі қыздарымызды ортаға шақырайық:**

**1** **4**
2 5
3

Сайыс кезеңдерімен таныс болыңыздар
Сайысымыз 6 кезеңнен тұрады:
1.Таныстыру
2.Сурақ жауап
3.Қамыр илеу
4.Үй тапсырмасы
5.Өз-өнері
6. Мода

**2 – Бошловчи**:Бугунги мусобақамизнинг хакамлар ҳайатини сайлаб оламиз
1. ~~Изатуллаева~~ Ахмедова Сүйінбүл апай
2 ~~Севара апай~~ Мақсуда апай.
3 Диерабо апай.

**1-жүргізуші**
Олай болса алғашқы кезең Таныстыру кезеңі қыздарымыз өздерін таныстырып өтсе

**2 – Бошловчи**:
Укувчиларимизнинг билимларини аниқлаш мақсадида «Савол биздан жавоб сиздан» бўлимига ўтамиз.

**1 – жүргізуші**
Барша ана құтты болсын мерекеңіз,
Әр қашан ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңесеміз**, - дей келе келесі кезекті оқушылардың аспаздық өнерлерін байқау үшін «қамыр илеу» кезеңіне береміз.Бұл кезеңде қыздарымыз қамыр илеп кеспе дайындап көрсетеді.Қыздар сіздер жұмысты бастай беріңіздер, қыздар кеспе дайындап болғанша Шамшиддинова Дилнараның орындауында «Анашым» әніне берсек.** Полатов Миртемир Она ҳақида шеъра берамиз.

**2 – Бошловчи**:
Она қандай мехрибон инсон . Она энг улуғ зот. Онанинг орзуси болани вояга етказиш. Она мехри муқаддас деб боболаримиз бекорга айтмаган. Қизларимизга уйга вазифа берилган.Шу асосида ишлаб келган нарсаларини куриб хакамлар хаяти уз бахоларини бериб утса.

**1 - жүргізуші:**
Барша ана құтты болсын мерекеңіз,
Әр қашан ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңесеміз**, - дей келе келесі кезекті 3б-сынып қыздары орындауында биге берсек.**

**2 – Бошловчи:**
Дейдилар буюк аждодларимиз
Оналар оеғи остида жаннат,
Бизлар давоми авлодларимиз,
Бу сузга амал қиламиз албат

**1 - жүргізуші:**
Шалқып, тасып әніміз
Жадырасын жанымыз,
Ана, сені құттықтап,
Әндетеміз бәріміз. **Келесі кезекті әсем әнге береміз.**

**Əн : «Анашым қартаймашы» орындайтын 3 а сынып қыздары қошаметпен қарсы алайық**

**2 – Бошловчи:**

Қалбингиз хамиша қувончга тулсин,
Шодлик бахт доимо хамрохинг булсин.
Хар бир кунингизда Оллох файз берсин,
Бугунги айемингиз муборак булсин.

**1-жүргізуші:**
Барша ана құтты болсын мерекеңіз,
Әрқашан ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңесеміз, **- келесі кезең «Өз-өнері».Бұл кезеңде қыздар өздерінің өнерлерін ортаға салады.Ал қыздар өз өнерлеріңізді көрсетуде сіздерге сәттілік тілеймін.**

**2 – Бошловчи:**
Онажоним, наинки жон, жахонсиз,
Мехринг яшар қалб уйида бир умр.
Камолотга етакладинг ардоқлаб,
Шафқат билан боқдинг, кузларимда нур.

**1-жүргізуші:**
Ақ анам - аппақ анам
Өзіңсің бақта маған .
Шығамын ақ сүтіңді
Қалайда, ақтап анам –келесі кезекте қыздардың тігіншілік өнерін , фантазиясын анықтау мақсатында «Мода» кезеңіне береміз.Бұл кезеңде қыздарға мата беріледі өздерінің қолдарынан келгенше көйлек тігіп немесе матаны орау арқылы көйлек жасап көрсетеді.
Қыздар жұмыстарыңызды бастай беріңіздер

**2-бошловчи**

Алла қайси элда, қайси тилда айтилмасин, эшитган одам юрагида хасрат ва хаяжон жўш уради.Алла айтмаган она бормикан бу дунёда.Алла булажак йигитга қувват, қизга эса хаё ва иффат бахш этади.Алла айтган оналар миллат хотирасини асрайдилар.

**Келаси навбатни чиройли аллага берамиз.Тинглаб бахра олингизлар.**

**1-жүргізуші**:

Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары жақсы шықты.
Білім мен тапқырлықтың жарысында,
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты- әділ қазы алқалары біздің сайыс кезеңдері аяқталды ұпайларын қорытып жеңімпаздарымызды анықтасаңыздар. Әділ қазы алқалары шешімін шығарғанша Полатова Машхураның орындауында «Мен анамның ақ құсы» әніне береміз.

**2-жүргізуші**:
Қазылар алқасы өз шешімдерін айтып өтсе.

**1-жүргізуші**:

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше
Осымен концертіміз аяқталды.

**2-жүргізуші:**
Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, мейірімді не рақымсыз болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты ештеңе жоқ. Ана-тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар! 8 наурыз құтты болсын!

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында өткізілген мерекелік іс-шара туралы

# МӘЛІМЕТ

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарлама барысында «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» арналған «Иқбол қизлар» тақырыбындағы шығармашылық байқау өткізілді. Байқауға әділ қазылар алқасы сайланып, әр кезең сайын өз бағаларын беріп отырды.





Байқауға 5 қыз қатысты. Сайыс кезеңдері 6 кезеңнен тұрды.

Олар:

1.Таныстыру

2.Сурақ жауап

3.Қамыр илеу

4.Үй тапсырмасы

5.Өз-өнері

6. Мода

Сайысқа қатысушы қыздарымыз алғашқы таныстыру кезеңі бойынша өздерін әдемі өлең шумақтары арқылы таныстырып өтті. Екінші сұрақ жауап кезеңінде қыздар берілген барлық сұрақтарға дұрыс жауап беріп өздерінің білімділігін дәлелдеді.Үшінші «Қамыр илеу» кезеңінде қатысушы қыздарымыз үйден дайындап келген қамырды әділ қазылар алқасы алдында илеп көрсетті. Әділқазылар алқасы қыздарды илеген қамырларына қарап бағалады.





Қыздар қамыр илеп жатқан кезде әнші қыздарымыз ән айтып көрерменнің қошеметіне бөленді. Биші қыздарымыз мың бұрала би билеп берді. Төртінші «Үй тапсырмасы» кезеңінде қыздар үйден дайындап келген тәтті тағамдарын , салаттарын қазылар алқасына ұсынып қалай жасағандары тұралы түсінік беріп өтті. Қазылар алқасы сайыскер қыздарды түсінік беруіне және жасап келген тағамдарының дәміне қарай баға берді.




Төртінші кезең «Өз өнерін көрсету» кезеңі бойынша сайыскер қыздарымыз ән айтып, би билеп берді. 3 номерлі қатысушы қыз қағаздан әдемі гүл шоғын жасап берді. Бесінші «Мода» кезеңінде қыздарға 2 метрлік мата берілді. Сол матадан бір киім үлгісін шығару керек болды. Ақылды қыздар матаны орау арқылы түрлі киім үлгілерін көрсетті.Қыздар киім үлгісін жасап жатқанда сахнада әлемдегі ең керемет ән «Әлди» айтылды.




Қыздар арасындағы сайыс өте қызықты өтті, олар барлық кезеңдерден мүдірмей өтті. Соңғы шешімді қазылар алқасы шығарғанша биші қыздарымыз көрермендерге «Өзбек биін» тарту етті.





«Анамызға мың алғыс» тақырыбындағы мерекелік іс-шара барысында барлық оқушылар би билеп, ән айтып, өлең шумақтарын оқып аналарына деген ризашылықтарын білдірді. Өнерлі, білімді, ізденімпаз қыздарымыз «Иқбол қизлар» байқауында өз өнерлерін көрсетіп берді. Бұл сайыста жеңімпаз Зияшова Жамина болды .Жеңімпаз қызға карона тағылып, барлық қатысушы қыздар номинациялармен марапатталды.






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Д.Жумашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла